«Қасиет-АБИ»ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы

«Бекітемін» _____
«Қасиет-АБИ»ЖШС-нің
«Балдырған» балабақша
басшысы Г.И.Искакова

«Тексерілді» _____
«Қасиет-АБИ»ЖШС-нің
«Балдырған» балабақша
әдіскері С.Ж.Каргаева

«Балбөбек» мектепалды тобының 2023-2024 оқу жылына арналған Ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммалары

Тәрбиешілер: Серік Жансая
Кусабаева Жадыра

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 04-08 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібі		**Апта күндері**			
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес,әңгімелесу	**ойын**«Сиқырлы суреттер» **Мақсаты**: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастыра алады.	**Балалармен әңгімелесу**«Топтағы ойыншықтар» **Мақсаты:** Өз тобындағы заттарды атап, әңгімелейді.	**Ойын** Суреттерді көру: «Көшедегі үйлер» **Мақсаты**: Балабақшаны суреттеп беруді біледі.	**Құрылысшы ойыны:** «Балабақша бөлмелері» **Мақсаты:** Балалар конструктормен бірлесе отырып, жиһаздар құрастыра алады.	**ойын:** «Не артық?» **Мақсаты;** Берілген тапсырманы түсіндіре отырып, артық зататарды атайды.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	**Қимылды ойын** №4картотека «Дөңгелек лапта»	**Дыбыстық жаттығулар** Жыл мезгілдері туралы Үз үз үз Жаңбырлы күз Рақ рақ рақ Саулайды жапырақ Ел,ел,ел Соғады жел	**Әңгімелесу** «Менің сүйікті ісім» Шарты:Сүйікті ісі туралы айтады.	**Өз бетінше жұмыс** Сурет салу	**Қимылды ойын** №14картотека «Өз жұбыңды ізде»
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №1 картотека				
Таңғы ас	Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				

Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	**Жұмбақ жасыру.** Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар, Сегіз тұяғы бар, Иегінде сақалы бар(Ешкі)	**ойын** «Балабақша ережелерін білемізбе?» **Шарты:**Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.	**ойын:** «Ойыншықтар» **Шарты**:Топтағы ойыншықтарды біледі .	**ойын** «Менің сүйікті ісім» **Шарты:**Сүйікті ісі туралы айтады.	**Жұмбақ жасыру.** Қалың қорық нуға бітем, Қоры үзілген қуға бітем.(сиыр)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** **«**Әр түрлі қарқынмен 1,5-2 минут тоқтаусыз жүгіру**»** **Негізгі бөлім** Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; **Тепе-теңдікті сақтау:** заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек	**1.Көркем әдебиет** **«Менің ойыншығым»** Ойыншықтар тур.алы әңгімелеп берді. **Ұйымдастырылған іс әрекет** **ойын:**«Бірге жаттайық» **Шарты:**Сурет арқылы тақпақ жаттау. **ойын:**Сүйікті ойыншығым. **Шарты:** Балалар сүйікті ойыншықтарын сипаттап береді **ойын:** «Сүйікті кейіпкерім» **Шарты:**Сүйікті кейіпкерлерін эмоцияларын көрсете біледі **Кері байланыс:** «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Алты зат арасындағы шамалық байланыс» Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей біледі, шамасына қарай орналастыра алады. **Ұйымдастырылған іс әрекет** Шаттық шеңбері:«Булум текшесі»	**1.Сөйлеуді дамыту** Қолдарындағы суреттер бойынша не жасауға болатынын қарап, сол орталықтарға баруды ұсыну. Кітаптардың суреттері бейнеленген балалар кітап орталығына барады. Бұл орталықта мектепке қалай дайындалуға болады, өз ойларын айтып, сахналап көрсетеді. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, жеке өз ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету **2.Сауат ашу негіздері** Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. **3.Қоршаған ортамен таныстыру**	**1.Дене шынықтыру (таза ауада)** **«Біз күштіміз»** **Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс **Кіріспе бөлімі:** Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүреді . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. **Негізгі бөлім:** **Жалпы даму жаттығулары Сылдырмақпен** Б.қ.: «Көбелек қонды» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұрады, «қонды» деп айтады. 6р Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» 2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасайды. иықты ирелеңдете айналдырады. /6 рет қайталайды/ 3.Аяқтар алшақ қойылған,	**1.Дене шынықтыру** **«Арқанның астынан өту»** арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіреді, 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіре алады. **Сәлемдеседі.** **Шеңбермен жүреді.** Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадқтау. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. **Жалпы даму жаттығулары.** 1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/

	жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. **Қимылды ойын:** «Қаздар мен балапандар»	әдісі бойынша ашық-жабық сұрақтар. **ойын:** «Қоянға заттар таңдау» Шарты: Пішіндерді ажыратып, заттармен салыстырып айтады. **ойын:**«Сиқырлы сандақ» 1-топ:Ұзындығы мен биіктігін салыстыру 2-топ: Ені,жуандығын ажыратады. **Еркін ойын:**«Заттарды шамасына қарай орналастыр» Кері байланыс Белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау. Әр топтың смайликтерін салыстырып,мадақтау. **3.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы: «Табиғатта қандай өзгерістер болады?»** Өсімдіктерді (фикус, шырайгүл, барқытшөп) сипаттық белгілері бойынша атайды және тани біледі. **Ұйымдастырылған іс әрекет** **Шарты:**Диірмен әдісі бойынша балалар бір біріне күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтып береді. **ойын:** «Бұл қай кезде болады?» **Шарты:** Табиғат құбылысына тән	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «аққу қаздар» **4.Сурет салу «Менің сүйікімді ойыншықтарым»** балаларды елестету арқылы күрделі емес мектептің өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып сурет салу дағдысын қалыптастыру **ойын**: «Менің тобымдағы ойыншықтар» **Шарты**:Өткеншек әдісі арқылы өз топтарының заттарын атайды. **ойын:** «Менің сүйікті ойыншықтарым» **Шарты:**Елестету арқылы өздерінің ойыншықтарының суретін салады. **ойын** «Қуыршақтарды киіндіру» Балалар қалауы бойынша мектеп құралдарын мүсіндеуде таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік	қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылайды./6 рет / Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстайды. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созады «ха-а-а» депайтады, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қояды, «хоп» деп айтады. /6 рет / **Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салады(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді. Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүреді. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары** 1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. 2.Доға астынан еңбектеп өту. **Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»** **Қорытынды:** Шеңбер бойы жүреді. Еркін жүреді. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіреді. **2.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Оқу құралдар хикаясы»** **Мақсаты:** Әдеби жанр түрлерін түсінеді, шығармалардың	2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу.Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту./ 4 рет / 3. Аяқтары алшақ қойылған ,қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 4 рет қайталайды/ 4. Аяқтарын біріктіреді. Қолдарын қоянның аяғына ұқсатады. Орнында секіреді. **Тыныс алу жаттығуы** Араның дыбысын салады. **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтырады. **ойын: «Күн мен түн» Ойын шарты:** Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді. «Түн» дегенде ұйықтайды. **Еркін ойын** Жанама бақылау. **Кері байланыс**

	2.Сөйлеуді дамыту **«Менің балабақшам»** Тыңдау және тілді түсіну дағдылары қалыптасқан, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта алады. Ұйымдастырылған іс-әрекет **ойын:** **«Суреттер сөйлейді»** **Шарты:**Сурет бойынша бір біріне әңгімелеп беру. **ойын: «Балабақша екінші үйім»** **Шарты:** Топтама суреттері арқылы екі топ бір-біріне әңгімелеп береді **Еркін ойын:** **«Балабақша ауласына саяхат»** **Шарты:**Достарына сүйікті балабақшасы туралы әңгімелеп беруді біледі. **Кері байланыс беру:** «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша , күлегештер арқылы бағалау **3.Сауат ашу негіздері:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.	суреті берілген уақыт аралығында көрсетіп береді **ойын:** «Күз өрнегі» **Шарты:** Восковичтің «Күлгін орман» кілемшесінде Күздің өрнегін,гүлдің,ағаштың,жапырақтардың,шөптердің,жәндіктердің,жануарлардың бейнесін жапсырып күз мезгілін суреттеп құрастырады. **Кері байланыс ұсыну** Сұрақ-жауап арқылы. **4.Музыка** **Музыка жетекшісінің жоспары бойынша**	қатынастарын бере білуге жаттықтыру **(Мүсіндеу)** Сергіту сәттерін жасатып, орталықтардан ауысып жұмыс жасауын ұйымдастыру	эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдай алады. **ҰІӘ барысы:** Миға шабуыл: Жұмбақ жасыру. **ойын:** «Суреттер сөйлейді» **Шарты:** Сурет бойынша жұбымен бір біріне сұрақтар қояды,жауап алады. **ойын:«Оқу құралдар хикаясы»** **Шарты:**Ертегінің мазмұнын сурет карточкалары арқылы ретімен қойып,әр топтың спикері бір бірлеріне айтып береді. Топқа бөлу,(кітап,дәптер) **ойын:Сөмкеге нені саласың?»** **Шарты:**Оқу құралдарын сөмкеге сызықпен қос,артық заттарды ата,олар не үшін қажет екенін айтып береді. Қорытынды. **Кері байланыс ұсыну,**бағадршам әдісі арқылы. **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы:** **«Ойыншықтар достығы» әңгімесін оқу** **Мақсаты:**Дауыс ырғағымен мәнерлей жаттай біледі. «Әткеншек» әдісі бойынша суретке қарап, сұрақтарға жауап берді. **ойын: «**Ойыншықтар достығы» Шарты:шығармасын мұқият	Балаларды мадақтайды. **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Сөз және дыбыс»** «Сөз» және «дыбыс» термині туралы түсіне алады. **ойын: «Бұл ненің дыбысы?»** **Шарты:**Дыбысты анықтай алмаса,дыбысталған затты көрсетеді **ойын: «Сөз және дыбыс» ойыны.** **Шарты:**Сөзді айтады, дыбысты табады **ойын: Сөз ойла, тез ойла»** **Шарты:** үстел үстіндегі заттардың атын атау. **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілей біледі. **ойын:«Тынымсыз тіл» Шарты**:ертегіні оқып беру. «Дауысты және дауыссыз дыбыстар»,

	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **4.Математика негіздері.** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет** **Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.** **ойын: «Кім тапқыр?»**			тыңдайды және ашық жабық сұрақтар бойынша түсінеді. **ойын:** «Кім жылдам» Шарты: жасырылған жұмбақтың шешімін дұрыс тапса, сиқырлы дорбадан шыққан ойыншықтың неден жасалғанын айтады.. **ойын: «Достық неден басталады»** Шарты: достық неден басталатыны туралы айтады,бір біріне әңгімелейді.. Кері байланыс ұсыну Басбармақ әдісі арқылы бағалау. **4.Математика негіздері** Топтағы құршақтардан отбасы құрап, олардың бойларын, салмағын өлшеп салыстыру. Отбасы мүшелерінің бойының ұзындығын өлшей білуге, өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енд енсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету.	«Артикуляциялық жаттығулар» бірге қайталайды. **ойын:** «Қандай дыбыс? ойыны **Шарты:**Дауысты және дауыссыз дыбысты ажыратып айтады. **Еркін ойын:** «Құыршақтың есімі» Шарты:Құыршақтың есімін бірге атап, оның қандай дыбыстан басталатынын айтады. Кері байланыс ұсыну,бағдаршам тәсілі арқылы. **4.Музыка-** музыка жетекшісінің жоспары бойынша»

	– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? –Қандай заттар бір-бірден салынған? Мұнда қанша тауық бар? - Қанша балапандар бар? - Мына ағашта қанша алма? - Ал, мына ағашта қанша алма? Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, Балаларды мадақтайды. **Сергіту сәті.** Бір дегенде-тік тұрамыз! Екі дегенде-екі рет айналамыз. Үш дегенде-үш рет секіреміз. Төрт дегенде- отырамыз. **ойын** **«Поезд»** Кәне бір-біріміздің артына тұрып, ұзын вагон болып тіркесейік. Оң жаққа бұрылыңдар **«Ойыншықтар» аялдамасы**. Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу) Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу) үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп) Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп) Бәрекелді. Жарайсыңдар! Сол жаққа бұрылыңдар.				

	«Қуыршақтар» аялдамасы. (үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу) **Балаларды мадақтау** Балабақшаға оралу. **Кері байланыс ұсыну** Қорытынды. -Поездбен қайда бардық? Балаларға көңілді смайлктер береді.				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**№6** **Аула тазалаушының еңбегін бақылау** **Мақсаты:** Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. **Қимылды ойын: «Қармақ»** **Мақсаты:** ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. **Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу** **Мақсаты:** үлкендердің еңбегін құрметтей алады.	**№7** **Саңырауқұлақтарды бақылау** **Мақсаты:** Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктері кеңейеді. **Қ/О:«Ақ сүйек»** **Мақсаты:** Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындай алады. **Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке , үлкендерге көмекке келуге баулу.	**№8** **Арнайы көліктерді бақылау** **Мақсаты:** Арнайы көліктер туралы түсініктері кеңейіп,сөздік қорлары молаяды. **Қ/О: «Қарғымақ»** **Мақсаты:**ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. **Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау** **Мақсаты:**Жұмыс уақытында ұқыпты болуды түсіндіру.	**№9** **Гүл егілген клумбаны бақылау** **Мақсаты:**Өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдері кеңейеді. **Қ/О: «От- су»** **Шарты:** Жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту: «От» бәрі отыра бастайды, «Су» айналым бойынша бір жаққа ағады. **Еңбек. Гүлдер дәнін жинап алу** **Мақсаты:** Балалар келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсінеді.	**№10** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:**Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. **Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!»** **Мақсаты:** Қимылептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. **Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгі штікке, үлкендерге көмекке келуге

					баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Психологиялық релаксация: «Әдемі құстар»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	**ойын «Өнерлі саусақ»** **Шарты:** Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастырды.	**ойын** «Қалташалар» **Шарты:**Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болатының біледі.	вариативтік бағдарлама «Оригами әлемі» «Қағаздың қасиеттері» Балаларды қағаздың қасиеттерімен және оның ерекшеліктерімен таныстыру. Қалай қағазды шығармашылықпен қолдануға болатынын көрсету.	**ойын** «Өнерлі саусақ» Шарты: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастырды.	**Еркін ойын** **Қуыршақты киіндір** **Шарты:** Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.

Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы суреттер» суреттерді қарастыру Мақсаты: алуан түрлі оқиғаларды құрастыруға және әңгімелеп бере алуға,ертегілер ойлап шығаруға үйрету	Суретті бояп толықтыру. Мақсаты: Саусақтарын бояу, қарандашты дұрыс ұстауға тәрбиелеу.	«Емхана» ойыны Мақсаты: жұқпалы аурулар мен олардың белгілері туралы ұғымдарға ие болуға үйрету	«Сөйлемді аяқта» Мақсаты:Дыбыстарды дұрыс нақты айтуға,сурет бойынша іңгіме құрастыруға үйрету.	Мақсаты: Балалардың бірнеше бөліктен тұратын заттарды біріктіріп мүсіндей алу дағдыларын бекіту..
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	**№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау**	**№7 Саңырауқұлақтарды бақылау**	**№8 Арнайы көліктерді бақылау**	**№9 Гүл егілген клумбаны бақылау**	**№10 Ағаштарды бақылау**
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	Анықтамалар туралы сөйлесу.	Балалардың тәртібі жөнінде	Балалардың тазалығы жөнінде сөйлесу.	Киімдер туралы	Балабақшадан қалмау

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 11-15 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібі		**Апта күндері**			
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес,әңгімелесу	Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату	Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.	Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату	Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	**Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»** **Мақсаты:** Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.	**Дид ойын: «Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	**Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»** **Мақсаты:** балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.	**Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	**Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №2 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыр				

Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** «Секіру, лақтыру» Міндетері: Заттардың арасымен жүру, жүгіруге, заттардан аттап жүруге және секіруге жаттықтыру. Бір тізбек болып келе жатып, команда болып екі тізбек жасап жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде қысқа секіртпенің екі ұшынан ұстап, қолды жоғары бастан асыра көтеріп, аяқтың ұшымен тепе-теңдік сақтап жүре алады. ҰІӘ барысы: І б. Заттар арасымен жүру, жүгіру. заттардан аттап жүру, секіру. ІІ б. ЖДЖ. секіртпемен Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. а) екі аяқпен 5-6 зат (15-20 см)үстінен секіру. ә)Аласа заттарды аттап, бір-бірінің артынан адымдап жүгіру. б) допты бір-біріне	**Көркем әдебиет** «Қайрымды қоян» ертегі Міндеттері: Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, балаларды қайрымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттерін көрсету арқылы ертегіні баяндау Сұрақтар: - Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақырды? - Бала қонаққа кімдерді шақырады? - Әкесі баласына не үшін ұрысты? - Бала жылап отырғанда көмекке не келді? - Қоян қандай қайрымдылық жасады? - Біз де қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба? Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына	**Сөйлеуді дамыту** Суретке қарап әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту. Міндеттері: Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау Педагог балаларға оқылатын өлең жолдарынан отбасы мүшелерін естеріне сақтап, аты аталғанда саусақтарын бүгіп, неше отбасы мүшесі аталғанын айту туралы тапсырма береді. Негізгі кезен Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. –Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені ата	**Дене шынықтыру (таза ауада)** «Менің дене құрылысым» Міндеттері: балалар дене мүшелеріне атауларын біліп.оларға арнап жаттығулар жасайды. ҰІӘ барысы: Қызығушылықты ояту: «Менің денем» – өзіне-өзі массаж жасау, сылап-сипаудың пайдасын түсіндіреді. Балаларға массаж жасау ережелерін еске салады – алақанды ысқылау, саусақтарды уқалау арқылы қолды жылыту: мәтінге сәйкес қимылқозғалысты жеңіл және асықпай орындау. Негізгі бөлім: Бір-бірден тізбекпен тізіліп, қолға арналған жаттығуларды орындай жүру. Орташа қарқынмен жүгіру. 2–5 минут бағытты өзгертіп жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру және жүгіру кезінде белгіленген арақашықтықты бұзбай бағытты сақтауға назар аударады.	**Дене шынықтыру** Міндеттері: Жүруді басқа қимылдармен кезектестіріп, белгі бойынша тоқтап жүру; ҰІӘ кезеңі: Шеңберде тұрып жүру,жүгіру.. Кіріспе Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдарды басқа қою, оларды екі жаққа созу және түсіру, орындықтың арқасына, қабырғаға арқасымен сүйене отырып, қолды екі жақтан жоғары көтеру Ойын: «Белгі бойынша тоқтап жүру» , Негізгі бөлім: Жүруді ,жүгіру,қос аяқтап секіру, белгі бойынша тоқтап жүру; 3.Тыныс алу жаттығуларын жасату.

	лақтыру. Ойын:«Кім алысқа секіреді» Мақсаты: Ұзындыққа орнынан секіруді нығайту; жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану. Тыныс алу жаттығулары. «Жапырақтарды ұшырамыз» Мақсаты:балалардың тыныс алуын жақсарту Қорытындылау. Қимылды-ойын: «Кім жылдам» **Сөйлеуді дамыту** «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Міндеттері: Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Педагог тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. – Енді «П» дыбысын айтайық.	Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Тәрбиешіні мұқият тыңдап, ертегі жайлы түсінгендерін әңгімелеп беру Жауаптар Өлеңді қайталау Қорытындылау. Дидактикалық ойын, «Досым-менің мақтанышым» Мақсаты: балалар бір-біріне гүл ұсынып достарының жақсы қасиеттерін атау: - Алинұр, сен менің мейірімді досымсың. – Аяулым сен ақылды қызсың Мақал жаттау: «Досы көпті жау алмайдыАқылы көпті дау алмайды».-Балалар қоянның қайырымды екенін білдік. Сендер де достарыңа көмектесіп, қамқорлық жасай біліңдер. Балалардыың іс-әрекеттері, жауаптары **Қоршаған ортамен таныстыру** отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Міндеттері:Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру.Балаларды өз отбасы туралы сауатты	беделі әкеден де жоғары. Өйткені атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі. –Кімнің үйінде атасы, әжесі бар? –Қазақ отбасында ата мен әженің маңызы зор. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөз – атанікі. Үйлеріңде әкелеріңнің өздері аталарыңның айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселелерін шешіп, ақыл-кеңесін беріп отырады. Әулет ағайын екенін түсіндіреді. Педагог тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз аталарына ұқсайтын жерлерін айтып немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып әңгіме құрауларын сұрайды. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы	Үш қатар тізбекке тұру. Дене бітімін түзетуге арналған, таяқпен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары. Таяқты дұрыс ұстауға (таяқтың төменгі ұшы алақанға тіреледі, таяқ қол бойымен тігінен орналасады) және сапта 3 адым арақашықтықты сақтауға назар аударады. Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру. Қос аяқтап бар пәрменмен секіруге, аяқтың ұшымен түсуге, қол мен аяқ қозғалысының үйлесуіне назар аударады. Тәуекелдікті азайту – тиісті арақашықтықты сақтау, таяқ арасымен ортаға секіру. (т) тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру. Нұсқау – денені тік ұстау, басты еңкейтпей алға қарау, жерге алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін табанымен тұру. Гимнастикалық орындыққа немесе бөренеге шыққан кездегі қауіпсіздік техникасын еске салады, сақтандыру жүргізіледі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орын алмастырыңдар». Залды ортасынан қақ бөлетіндей етіп арқан тасталады. Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі	Қорытынды Қимылды ойын: «Қоянды қуып жет» **Қазақ тілі** Менің үйім. Міндеттері:Үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. «Мынау не?» сұрағына жауап беруді жетілдіру. Жаңа сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айтуды үйрету. Сөзді дыбыстау мәдениетін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады. Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып: Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй. Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел,

	"П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Негізгі кезен. Педагог балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Педагог «Б» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал келтіреді: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ. Педагог «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады.	әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.Жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру Балалар дөңгелене тұрады. «Менің анам қандай?» ойыны. Әр бала жанындағы балаға допты беріп тұрып, анасын сипаттайды. А дыбысына: ардақты, аяулы, асыл, ақжарқын, аққөңіл, алтын т.б. Б дыбысына: биші, бақытты, балажан, білімді, бесаспап т.б.Д дыбысына: дарынды, дана, дидарлы, досшыл т.б. Ж дыбысына: жақсы, жас, жомарт, жарқын, жұмыскер т.б.Негізгі кезең – Ең жақын адамдар деген кімдер? Балалардың жауабы тыңдалады. Педагогтің әңгімесі: – Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, апасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі.	мүшелерінін атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады. – «Сәлем – сөздің анасы» демекші М. Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең жолдарын оқып берейін. **Сауат ашу негіздері** «сөз» ұғымымен таныстыруды жалғастыру. Міндеттері: Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту.Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қараңдаршы бізге кім қонаққа келді? (Тақтаға сурет іледі). Бұл – жұмбақ жасыратын Жұмбақпай ата. Ол маған мына хатқалтаны беріп, жұмбақтарын шешуді сұрады. Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. (Жапырақ) Жиып-теріп болатын,	берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді Қорытынды бөлім: « Менің жүрегім» оқыту ойыны «Қолдарыңды кеудеге қойыңдар (көрсетемін). Сендер тыныш тұрғанда жүрек бірқалыпты соғады, ал ашуланған кезде жүрек қағысы жиілейді. Бұл жүректің сендерге: «Тоқта, сабыр сақта, ашуланба», – деп ескерткені. «Кешір», – дейді ол. Кәнеки, жүрегімізге көмектесіп, бір-бірімізді ренжітпей, дос болайық. Сонда жүрегіміз бірқалыпты соғатын болады. Достарыңа күлкі сыйлаңдар». Өз денесіне қамқорлықпен қарауға назар аударады. **Көркем әдебиет.** Шағын мәтіндер, ертегілер және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, кейіпкердің қылығы туралы өз пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды) ҰІӘ барысы Сөзжұмбақ шешейік. 1. Кішкене ғана бойы бар	Мынау – орындық Келіп оған отырдық — деп айтады. Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Ұйымдастырушылық – іздеушілік Үйдің макетін көрсете отырып, жаңа сөздерді меңгертеді. Келесі сұрақтарға жауап беруді қалыптастырады: -Балалар, мынау не? -Үй қандай? Сергіту сәті. Тамшы туралы немесе күз туралы өлеңді қимыл-қозғалыс арқылы айтуларын өтінеді. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі

	Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз. Сергіту сәті (Сергіту жаттығуларын А.С.Пушкиннің «Жел» өлеңімен жасатуға болады.) Жел Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді. Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек. Балабақшадағы алғашқы күн Кішкентай Балжанды таңертең әжесі ұйқысынан оятты. –Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола	– Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. – Ал тату болу үшін не істеу керек? – Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. – Бір-біріне көмектесу керек. – Бірін-бірі сыйлау керек. Сонда бәрі бақытты болады. Балалармен бірге өз отбасы мүшелерінің фотоларын қарау. – Балалар, бүгін біз тобымызда «Менің отбасым» атты фотокөрме бар. Кім өзінің отбасы туралы айтқысы келеді?10 Балалар өз отбасыларының фотосуретіне жақындайды, кімнің бейнеленгенін айтады.Педагогтің көмегімен отбасы мүшелері туралы, олардың аты-жөндерін атап, отбасымен бірге қай жерде суретке түскені туралы әңгімелейді. Педагог өлең оқиды: Ең жақын адамдар – Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі – Ақ басты атам бар. Әкемнің шешесі – Ақ шашты әжем бар. Ұлдардың үлкені – Бір туған ағам бар.	Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Балалар Жұмбақпай атаның жұмбақтарын шешеді. – Жұмбақпай ата бізге қандай қызықты жұмбақтар жасырды. Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (Балалардың жауабы тыңдалады). Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: алма, алмұрт, лимон – жемістердің аты; қызанақ, қияр, пияз – көгөністердің аты; құлпынай, бүлдірген, таңқурай – жидектердің аты; үстел, керует, орындық – жиһаздардың аты; тәрелке, кесе, қазан – ыдыстардың аты; көйлек, жейде, шалбар – киімдердің аты; қоңыз, шыбын, көбелек – жәндіктердің аты; сазан, мөңке, бекіре –	Айналдыра киген тоны бар(қозы) 2. Сиыр малының төлі.(бұзау) 3. Тастан тасқа секірген Ұзын салпақ құлақты Қойдан маза кетірген Кім біледі (лақты) 4. Қамбар атаның алдына салып бағатын жануары? (Құлын) 5. Сыңар өркешті шөлге төзімді мал - Балалар біз ертегілерді жақсы білеміз. Ертегілер қалай басталушы еді? - Ерте ерте ертеде... - Ерте заманда - Баяғы заманда - Үйге қандай тапсырма берілген еді? - «Жылқы» өлеңін мәнерлеп оқу. 1. Жылқының қандай пайдасы бар? 2. Биенің төлін қалай атайды? 3. Бие сүтінен қандай сусын жасайды? 4. Жылқы етінен қандай тағамдаржасалады? 5. Жылқы малына байланысты қазақтың ұлттық ойындарын ата. (Бәйге, аударыспақ, қыз қуу, көкпар.) (Тақтамен жұмыс) Қой, сиыр, түйе, құлын, бұзау. -Балалар, қазақ халқы шаруашылыққа қандай малдарды пайдаланған? - Өгіз, түйе, ат. - Балалар біз жайлауға саяхат жасаймыз. Осы малдардың қайсысын көлік етіп аламыз? - Атты. - Олай болса, қане кім	үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. Балалар орындарынан тұрып, бой сергіту жаттығуын өлең сөзіне сәйкес көрсетіп айтады. Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады гүл: -Дұрыс!Дұрыс! Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады қыр: -Ырыс!Ырыс! немесе «Көктем» әні. Жаттығуды жекелей және хормен айтады. Балалар ойынды шартына сәйкес орындайды. Қорытынды: «Кім жылдам?» ойыны арқылы меңгерген сөздерін пысықтайды. Шарты: балалар мұғалім көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау керек. Алғыс білдіреді. Қоштасады. Балалар дұрыс жауап беруге тырысады. Белсенділік көрсеткен балаларға

	қалды.Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып келді,тобына ертіп кірді. –Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді, балабақша Балжанға ұнады ма? Дәптермен жұмыс. Бірнеше дәптердегі суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтыру. Дәптердегі тапсырма орындалады. Педагог балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: 1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек. 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия –Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? –Біз бүгін кім туралы әңгімеледік? **Сауат ашу негіздері:** «дыбыс» және «сөз»	Қыздардың үлкені – Бір туған әпкем бар. Ұлдардың кішісі – Бір туған інім бар. Қыздардың кішісі – Бір туған қарындас, Әпкеге – сіңлі бар. – Өлеңде кімдер туралы айтылған? – Отбасы мүшелері туралы айтылған. – Неге ата мен апаны ақ басты деп айтады? – Өйткені олардың шашы ағарған. – Ұлдардың үлкені кім болады? – Аға. – Қыздардың үлкені қалай аталады? – Әпке. – Ұлдардың кішісін қалай атайды? – Іні. – Қыздардың кішісін қалай атайды? – Сіңлі, қарындас. – Өз отбасымыздың мүшелерін атай аламыз ба? «Кім қалай жақын» ойыны. – Атаңның сағаң қандай жақындығы бар? – Әкемнің әкесі. – Әжелеріңнің сендерге қандай жақындығы бар? – Әкемнің анасы. – Сен оларға кім боласың? – Немере. – Сіңлің (қарындасың) сенің әкеңе кім болады?	балықтардың аты; қарға, кептер, қарлығаш – құстардың аты; райхан, қызғалдақ, раушан – гүлдердің аты; сиыр, ат, қоян, қасқыр, арыстан, бұғы – жануарлардың аты; автобус, ұшақ, троллейбус – көліктердің аты; нан, шұжық, сүт, май, ет – тағамдардың аты; жүгіру, секіру, жүру, тұру – бұл сөздер іс-әрекетті білдіреді; қызыл, жасыл, төмен, жоғары, қышқыл – бұл сөздер заттың сапасын, сынын білдіреді; жаңбыр, қар, бұршақ, найзағай, жел, боран – табиғат құбылыстарының аты. – Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тіктөртбұрышпен белгілейміз. Педагог сөз сызбасын тақтаға жазып немесе сызбасы сызылған көрнекілікті тақтаға іліп, көрсетіп, түсіндіреді. «Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы25 – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын»	жылқының дауысын салып береді? - Балалартақтадасуретте не берілген? - Жайлау, малдар, төлдер, киізүй, тау. - Суретке қарап тақырып бүгінгі оқу-іс әрекетіміздің не жайлы болатынын білеміз. - Пазлы құрастыру.(құрастыру) Құрастырылған суреттердегі жануарларды атап өтейік. - Қозы, лақ, бота, құлын, бұзау. - Олай болса, бүгінгі сабағымыз осы төлдер жөнінде болмақ. Сөздік жұмыс Секектеме – секірме Деміңді ал – тынық Құстай қанат қағады – жүгіреді Сергітусәті. Қошақаны қойдың, Қайда, қалып қойдың, Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың Төлдердің айтысы. (сахналау) - Иеміз қайсымызды жақсы көреді? Лақ:- Әрине, мені жақсы көреді. Адам біздің сүтімізді, мамықтай түбітімізді пайдаланады Құлын: - Лақ сен орынсыз мақтанасың. Малда бізден ешқайсың аспайсыңдар. Біз майданның да еңбектің де тұлпарымыз. Біздің етіміз азық, қымызымыз ем. Бұзау: - Сендер босқа мақтанасыңдар. Ием мені жақсы көреді. Адамның тіршілігіне ең пайдалысы	алғыс айтады. **Сауат ашу негіздері** дауысты дыбыстар туралы түсінік беру. Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды.

	туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу. Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог «Дыбыстың не екенін білесің бе?» деген өлеңді балаларға оқып береді. Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстарға құлақты түресің бе? Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын,	– Қызы. – Сен әкеңе кім боласың? – Баласы. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап жатқаны бейнеленген. Суретті әңгімелейді.11 – Суретте не бейнеленген? – Отбасы мүшелері. – Суретке қарап, отбасы туралы әңгіме құрастыр. Балалар суретке қарап, педагогтің көмегімен әңгіме құрастырады. – Суретке қарап қандай қорытынды шығаруға болады? – Отбасы – өте тату, бір-біріне қамқорлық жасайтын, бақытты отбасы. «Бес саусақ» ойыны. – Саусақтарын бүгіп, кезекпен атап шығады. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. – Басбармағым – атам, балаң үйрек – апам, ортан терек – әкем, шылдыр шүмек – шешем, кішкене бөбек – мен. Сергіту сәті Апам мен атам бар, Анам мен әкем бар, (қолдарын жан жаққа жайып, бұрылады).	ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б. Билингвалды компонент: күз – осень, жаңбыр – дождь. «Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу, шапалақтау, бір орында жүру т.б. Дәптермен жұмыс 1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. 2.Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Педагог балалармен бірге	мен. Шелек - шелек сүт, қарын – қарын май, қап – қап құрт, ірімшік бізден шығады. Қошақан: - Бәрің де босқа мақтанасыңдар. Ием бәріңнен де мені жақсы көреді. Сақылдаған сары аязда тоңдырмайтын жылы пима,тондар менің жүнімнен жасалады. Бота: - Бәріңнен кем біз бе екенбіз? Малдың ен қадірлісі бізбіз. Адам біздің шұбатымызды, мамықтай жүнімізді пайдаланады. Ерте кезде күш көлігі де біз болғанбыз. Адам: - Сендер босқа таласпаңдар. Бәрің де адамға пайдалысыңдар. Әрқайсыларыңның өз орындарың бар. Балалар біз өткен сабағымызда айтқандай әр түліктің бақташы, пірі, иесі болады дедік, атап жіберейікші Қой атасы – Шопаната Жылқы атасы – Қамбарата Ешкі атасы – Сексеката Түйе атасы – Ойсылқара Сиыр атасы – Зеңгібаба Ата деп отырғанымыз сол малды бағып күткен адам. Балаларға төрт түлік малдың адамға тигізер пайдасы жайлы түсіндіру,оларға деген қамқорлық сезімдерін оята білуге тәрбиелеу.	Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы»Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «а» дыбысын дыбыстау

	Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де «Дыбыстар» деп атаймыз. (Г. Оразбаева) Өлең жолдарында кездесетін дыбыстарды айтып көрейікші. Дәптермен жұмыс 1.Өленді тыңда. Заттар мен табиғат құбылыстарының дыбыстарын ата. Жасанды дыбыс шығаратын затты қорша. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Балалардың жауаптарын тыңдайды. Балалар өлең жолдарындағы кездесетін заттардың, табиғат құбылыстарының дыбыстарын ажыратып айтады. Сонымен қатар табиғи емес жасанды дыбыстар бар, олар – адам қолынан жасалған әртүрлі заттар арқылы шығатын дыбыстар. Педагог тақтаға әртүрлі суреттер іліп, балаларға көрсетеді. Бұл жерден ненің дыбыстары шығуы	Інім мен ағамды Сыйлаймын, қорғаймын (Жоғары көтеріп, түсіреді). Кішкентай сіңлімді, ренжітпей ойнаймын! (Орнында адымдайды). Дәптермен жұмыс 1.Отбасы мүшелерін ата. Кімнің кімнен үлкен екенін ажырат. Ең үлкені мен ең кішкентайын тап. 2. Өз отбасында сенің міндетің не? Суретте көрсетілген іс-әрекеттердің қайсысын орындайсың? Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. 3. Рефлексия Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Балалардан қандай жағдаяттар ұнағанын сұрайды. **Математика негіздері** Теңдік пен теңсіздік Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриалық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту.Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін З. Дьенеш,М.Монтиссори	тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады. Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады. Сергіту сәті Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш. (Балалар білектерін ары-бері айналдырады). Дәптермен жұмыс (Графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды үзбей бастыр, жалғастырып жаз. 5. Үзік сызықтарды үзбей бастыр. 3. Саусақ жаттығуы. Партадағы саусақтар Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар, Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ,	**Қазақ тілі** « Балабақша» Міндеттері: Өткен жылғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! Сәлеметсіңдер ме,балалар! Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. - Балалар қайда келді? Тақтадағы суретке көңіл аударады. - Балалар қайда? - Топта не бар? Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс дәптеріндегі суреттер арқылы) -Мынау не? - Мынау - есік. І-і-ік-ік – міне, есік. - Мынау не? - Мынау – терезе, те-ре-зе. - Мынау – кілем, кі-лем. І-і-кі-кі – кі-лем.Әдемі кілем. Үлкен кілем. - Мынау – төсек. Ө-ө-өс-өс-төс-төс – төсек. Сергіту сәті: Отырамыз!	арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Нұрын төккен маған Шуағымсың сен! Айналайын мама, Қуанышыңмен! Шаттандырған мені, Жұбанышым сен! Құттықтаймын сені Туған күніңмен!30 – Осы әуенді е, а дыбыстары арқылы әндетіп көрейік. Балалар бірге әндетіп айтады. Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді. «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету. – Дыбыстарды қалай

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ғаніс-әрекет	**1.Сөйлеуді дамыту** **«Көңілді күн»** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту **ҰІӘ барысы:** Ойын: Смайликтер Шарты: тақтаға әртүрлі смайликтер ілінеді. Балалар кезекпен сол эмоцияларды қайталау керек. Артикуляциялық жаттығулар: Ысқырық, баян, маса, саңырауқұлақ. Тәрбиеші сын есім туралы түсіндірме жұмысын жүргізеді. Д/о:«Суретші» Шарты: балаларға боялмаған әр түрлі суреттер(күн, әке, машина, алма т.б.) таратылады. Сол суреттерді бояулары қажет және қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есім қосып айтулары қажет. Мысалы: тәтті алма, мейірімді әке, ыссы күн т.б. **2.Сауат ашу негіздері:** **«Дыбыстар елінде»** **Міндеттері:** П дыбысымен танысу;	**1.Көркем әдебиет** **«Жыл басына таласқан хайуанаттар»** Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға, рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дәстүрден тыс жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **ҰІӘ барысы:** Шаттық шеңбері: Қол алысып қане біз Амандасып алайық Қайыры күн жер ана Қайырлы күн достарым Ойын: «Тауып көр» Шарты: тәрбиеші бірнеше ертегіден үзінді келтіреді, балалар табады. Теледидардан «Жыл басына таласқан хайуанаттар» бейнефильмді көру. Сұрақ-жауап: -бұл қандай ертегі болды? -ертегіде жыл басы кім болды? -Неліктен тышқан жыл басы болды? -ал басқа хайуанаттар неліктен жыл басы бола алмады? Сергіту сәті «Бұл кім?» ойыны Шарты: ортаға бір баланы шығарып бір хайуанның суретін басқа балаларға көрсетпей көрсетеді. Бала соның дауысын немесе іс-	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «**Балабақшадағы бір күнім» Міндеттері: «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы::** Тәрбиеші тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. – Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Ойын «Кім тапқыр» Шарты: балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Дыбыстық жаттығулар: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Ойын «Сөз құрап көр»	**1.Көркем әдебиет.** **Тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық **Міндеттері:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегі мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтауға, қисынды мазмұндауға үйрету. Адал дос болуға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы** ***Шаттық шеңбері*** Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік, Денсаулық пен жылылық! Тәрбиеші жұмбақ жасырады: «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». *(Мысық)* – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. ***Сұрақ-жауап:*** - Ертегі қалай аталады? - Мақтақыз не тауып алды? - Мысық не істеді? - Мақтақыз мысықты қалай жазалады? - Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі? - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? **Сергіту сәті:** Біз балдырған баламыз,	**1.Қазақ тілі** **Тақырыбы:Ата-анамның мамандықтары** **Міндеттері:** мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойына тұрады. *«Не бұрын?» ойыны.* Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. *Не бұрын? Балалардың жауабы:* балапан ... ... жұмыртқа жылқы ... ... құлын сиыр... ... бұзау нан ... ... ұн көйлек ... ... мата велосипед ... ... темір жапырақ... ... бүршік

	Сөйлемді ауызша талдауға: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу; сөйлем түрелерін(хабарлы, лепті, сұраулы) ажыратуға үйрету; дәптермен жұмыс. **ҰІӘ барысы:** **Ойын** «Кімнің есінде?» Өткенді еске түсіру: сөздер неден тұрады? Дыбыстың неше түрі бар? «П» дауыссыз дыбысымен танысу Ойын «П дыбысының орнын анықта» Шарты: тәрбиеші П дыбысы бар сөздерді атайды .Балалар П дыбысының қайда тұрғанын(басында,соңында, ортасында) тұрғанын ауызша анықтайды. Дәптермен жұмыс: таяқшалар салу Сергіту сәті Ойын карточкамен «Сөйлемді анықта» Шарты: балаларға тыныс белгілер таратылады. Тәрбиеші сөйлем оқиды. Балалар соған сай тыныс белгілерін көтерулері керек және сол сөйлемді сөздерге бөлу керек. Ойын «Көңілді шапалақ» Шарты: тәрбиеші сөздер оқиды «П» дыбысы бар сөздерді естігенде шапалақтау керек. (кітап, қар, піл, есік, доп, бақа, апа т.б.) **3.Математика негіздері. «Сандар әлеміне саяхат»** Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды бекіту. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік	қимылын салу керек. Қалған балалар атау керек. Немесе төлдерін атау керек. Шығармашылық сәт. Балалар 3 топқа бөлінеді. 1топ Жыл басы-атанған тышқанның суретін түрлі түсті қағазды ұсақ бөліктерге жырту арқылы жапсырады, 2топ саусақ ұшымен бояйды, 3топ ермексазды созу арқылы мүсіндейді. **2.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері. **Міндеттері:** көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге тұрады. *«Доп пен үрлегіштер» ойыны.* Ортаға бір бала шығып, желі шығып кеткен «доп» болады. Қалған балалар – «үрлегіштер». «Доп» екі аягын жартылай бүгіп, денесін бос ұстап, алдыға бүгіп, басын төмен салбыратып тұрады. Барлық балалар қолдарымен «үрлегішпен» жел айдап жатқандай қимыл жасайды. Әрбір қимылды «С-с-с» деген дыбыспен орындайды. «С-с-с» деген дыбысты естіген сайын «доп» желмен «толады». Бірінші «с» дегенде дайындалады, екіншісінде түзеледі, үшіншісінде басын көтереді, осылайша ұртына жел	Шарты:балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. **Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру** **Сергіту сәті** Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді. Тәрбиеші: – Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек. **Балабақшадағы алғашқы күн** Кішкентай Балжанды таңертең әжесі ұйқысынан оятты. – Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола қалды.Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып келді,тобына ертіп кірді. – Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді, балабақша Балжанға ұнады ма? Жаңылтпаш: 1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек. Қорытынды сұрақтар: – Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? – Біз бүгін кім туралы әңгімеледік? **2.Сауат ашу негіздері**	Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. - Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік. Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді. 3-4 балаға айтқызып қайталату. **Қорытынды сұрақтар:** - Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. - Мысық не істеді? - Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың? - Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. - Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің? **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Менің дене мүшелерім»** **Міндеті:** Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру. **Шаттық шеңбері:** - Қайырлы таң, көздерім! - Ояндыңдар ма? Қайырлы таң, құлақтарым! -Ояндыңдар ма? -Қайырлы таң, қолдарым! - Ояндыңдар ма? -Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояндыңдар ма? «Аялдама» Д/О Тәрбиеші балаларға шеңбер бойы жүруді және оларға сөздерді айтатынын хабарлайды. Егерде сөз арасында дене мүшелерді атаса	балық … ... уылдырық Жұмбақтар жасыру. Балалар жауабын тауып, барлық жауаптардың ортақ атауын табады. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы менен тарағы. (Шаштараз) Ертемен ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) Тәрбиеші:–Балалар тақтада қандай мамандық иелері бейнеленген? – Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер.

	шығаруға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дәптермен жұмыс. **ҰІӘ барысы:** Аз қимылды ойын: «Пойыз» Шарты: балалар пойызға вагондар болып тіркеліп сандар әлеміне келіп тоқтайды. 2 саны шығып көршілерінен адасып қалғанын айтады. Оларды іздеп барар жолда кедергілер болатынын айтып ескертеді. Балалардан көмек сұрайды. 1-тапсырма: 1-10 дейінгі сандарды тура және кері санап бер 2-тапсырма: карточкадағы заттарды салыстыр.(Көп-аз) (Осы тапсырмадан соң 2 санының алдыңғы көршісі табылады) 3-тапсырма: «Теңдей бөл» Шарты: кірпі мен тиінге алмаларды; ақ қоян мен сұр қоянға сәбіздерді теңдей бөліп бер. Сергіту сәті 4-тапсырма: Дәптермен жұмыс (осы тапсырмадан соң 2 санының кейінгі көршісі табылады) Тапсырмаларды орындап болған соң, пойызбен еліне қайтады. Балаларды мадақтау **4.Дене шынықтыру** **«Кім шапшаң?»** Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру	толтырады, қолдарын жан-жаққа жаяды. «Жел» әбден толған кезде, бір бала шығып, үрлегіштің шлангісін суырып алғандай қимыл жасайды. «Доптан» жел шыққандай «ш-ш-ш» деген дыбыс естіліп, қайта «желі шыққан доп» кейпіне енеді. Тәрбиеші:– Бір күні мен үйге қайтып келе жатып, жолда екі адамның әңгімесін естідім. Біріншісі: «Менікі жап-жаңа, күшті әрі жылдам жүреді», – деді. Екіншісі: «Менікінің терезесі күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады», – деді. Балалар, айтыңдаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? – Бүгінгі оқу қызметінің не туралы болатынын байқадыңдар ма? – Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшинесі. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Апаттық мәшине, полиция мәшинесі. – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. – Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? – Жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады.	**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік, не білеміз? **Міндеттері:** өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу. Дәптермен жұмыс **ҰІӘ барысы** Д/о: **«Жалпы атауын айт»** 1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... *(ыдыстар)* 2. Карамель, ирис, шоколад – ... *(кәмпиттер)* 3. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... *(саусақтар)* 4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім)* 5. Тымақ, қалпақ – ...*(баскиім)* «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өткен тақырыпты қайталау. – Балалар сөйлем туралы не білесіңдер? (Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы,ол аяқталған ойды білдіреді.) – Сөйлем неден жасалады? – Буын неден жасалады? – Дыбыстар нешеге бөлінеді? ***Дидактикалық жаттығуы «Тиісті белгіні көтер»*** Тәрбиеші дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды, балалар көк немесе қызыл белгіні көтереді. **Буындармен жаттығулар.** ***Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)*** Шарты: балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші буынды айтып, бір балаға допты лақтырады, бала	оларға аялдамаға тоқтауды ұсынады. «Кәне, кәне» ойынын Тәрбиеші балалардан сұрайды: - Кәне, кәне, басың? - Кәне, кәне, көзің? - Кәне, кәне, қолың? Ойын: «Менің бетім» Шарты: балалар суретке қарамай, алдын ала дайындалған бет мүшелерін жапсырулары керек. **3. Математика негіздері** **Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау. **Міндеттері:** теңдік туралы ұғым қалыптастыру; топтарда заттардың тең санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылауға үйрету; талдау және қорытындылау білігін дамыту; дербестікке баулу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы** **Тәрбиеші сұрақ қояды**: Ойыншық дүкеніне барғыларың келе ме? – Онда не бар екенін көрейік. Ұсынысқа қызығушылық танытып, ойынға араласады. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз. Тәрбиеші тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет.	– Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. **«Қандай мамандық иесі?» ойыны.** Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кеңіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) – Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар

	дағдыларын бекіту. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; **ҰІӘ барысы:** **І бөлім:** Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну. **ІІ бөлім: ЖДЖ** № доппен Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Досыңды құтқар» Шарты: заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу. 2-ойын: «Көңілді эстофета» доппен Шарты: балалар екі топқа бөлініп, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардан аттап жүреді, «Үнгірден» еңбектеп өтеді, кубиктен айналып барып допты оң қолына алып, сол қолын артқа қойып кейін қарай қос аяқтап секіріп келеді. Допты келесі қатысушыға береді. Ол барарда қос аяқтап секіріп барып, допты тастап, кейін қарай кедергілерден өтеді. Қай топ ойынды тез аяқтаса сол жеңімпаз.	– Мына көліктерді атаңдар. – Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер? Өздері білетін ережелерді айтады. Тәрбиешінің жетекші сұрақтары бойынша жауап береді. *«Автобуста» ойыны.* Бір бала «қарт әженің» рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. **Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері** 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық. *Қосымша ақпарат* – Балалар, бұрынғы кезде атамыз	допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). ***Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз».*** Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі. Тәрбиеші бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: **(те-)** те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), **(ор-)** ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), **(өр-)** өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), **(да-)** да(мыл-да), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да (рига), Да (рия)**.** ***Дидактикалық ойын: «Эстафет».*** Тәрбиеші сөйлемді айтады, оны қайталайды. Бір баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Тәрбиеші келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек т.б. **Сергіту сәті** **Иілейік, балақай** Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа, Дәл осылай иілеміз солға жаққа. Жаттығуды қайтала, Екі жаққа жай ғана. Иілеміз, оңға-солға тоқтамай! **Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)** 4. Нүктелерді бастыр. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп	– Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Тәрбиеші ойыншықтарға саусақ тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар. – 4 саны жазылған карточканы қоямыз. – Тәрелкелерді санаймыз. Олар неше? (3) – Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? – Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз. – Неше шырша бар? (5). – Неше саңырауқұлақ бар? (6) Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады. – Алмаларды санаңдар. Олар неше? (5). – Алмұрттарды санаңдар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең. Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар? Дұрыс, ол «=» таңбасы. Жазбаны оқыңдар: 5=5. Теңестіру үшін бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, теңдік құрастырады. 5=5. Оны оқиды. Тапсырманы орындайды. Дәптермен жұмыс Сергіту сәті: Аппақ болып таң атты Түтін тікке ұшады Қарлығаштар қанатын Биік самғап ұшады. 1,2,3 ал қанекей ұш 4,5,6,7 мынау ауыл шеті	адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады». Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. **2.Сауат ашу негіздері** Сөздерді буынға бөлеміз. **Міндеттері:** сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы** **Шаттық**


	III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	қазақ, түйеге, атқа жүк артып, көшіп жүрген. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы көшпенді халық болған. Адамдар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан. **Сергіту сәті** Төрт дөңгелек, дөңгелек, Келесің сен дөңгелеп. Жеткізер әр уақытта Қажет болған бағытқа. Оның аты – мәшине Кел, дос, отыр қасыма! **Д/т: «Көліктердің қызметі»**Сызықпен қос. Өз қиялыңдағы болашақ көлік үлгісінің суретін сал (электрмобиль, ұшақ-мәшине, ұшақ-тәрелке, аяқпен жүретін мәшине т.б.). **3.Математика негіздері** Міндеттері: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру,саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару .Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттадан тұратын топтардың санын анықтау,топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. 1-тапсырма суреттің материалы бойыншаесептік және реттік санауды ұсынады. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді Балалар топқа бөлініп жұмыс жасайды. Одан кейін педагог вагондардың бір-бірден туннельден шығып жатқанын хабарлайды Одан соң ойынның жалғасы ретінде	қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Алақанның біреуін, Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. **3.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы **Міндеттері:** мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойына тұрады. *«Не бұрын?» ойыны.* Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. *Не бұрын? Балалардың жауабы:* балапан ... ... жұмыртқа жылқы ... ... құлын сиыр... ... бұзау нан ... ... ұн көйлек ... ... мата велосипед ... ... темір	8,9,10 ал қане қон. **Қорытынды сұрақ:** «Қандай тапсырма ең қызықты, ең қиын болғанын айтып бер». Мадақтау **4.Дене шынықтыру (таза ауада)** Балаларды жедергілер арасынана жүгіріп өтуге үйрету; доппен жаттығуда ептілікке баулу; секіру жаттығуларын қайталау **ҰІӘ барысы:** **I бөлім:** Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, кедергілерден аттап жүгіру. **II бөлім: «Лақтыр-қағып ал» ойыны** Балалар екіге бөлініп қарама-қарсы қатарға тұрады. Ортадағы созылған жіптен қарсы тұрған балаларға лақтырады. Қарсы тұрған бала қағып алып солай қайталау керек. **Картотека№8«Аңшылар»** **Ойын шартты:**Ойыншылар екі топқа бөлінеді. ортаға үлкен шеңбер сызылады. Ойыншылардың бір тобы үйректер-шеңбердің ішінде қалады. Екінші тобы-аңшылар-шеңбер бойымен қатарға тұрады. Ойын жүргізушінің белгісі бойынша аңшылар үйректі қолдарындағы доптармен атып ала бастайды. Ойын уақытпен ойналады. Берілген уақыт өткеннен кейін аңшылар мен үйректер орындарын ауыстырады. Ойынның соңында белгіленген уақыт аралығында көп үйрек атып алған аңшылар тобы ұтқан болып есептеледі. **III бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	**шеңбері:**Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық, көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1. Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер? 2. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? 3. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? 4. Сөздер неден құралады? **Дыбыстармен жаттығулар.** **«Кім білгіш?» дидакикалық ойыны** Тәрбиеші дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. ***«Жұп құр» ойын-жаттығуы*** Тәрбиеші тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: *алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.* ***«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны*** Ойын шарты: тәрбиеші айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.*

		1-тапсырма орындалады. Осылайша балалар 10-ға дейін тура және кері санауды, 1-ді қоса есептеуді, 1-ге азайтуды білетін болады. 2-тапсырма. – Неше бала шанамен төбешіктен сырғанауға дайындалып тұр? – Төбешікте неше бала тұр? – Барлығы неше адам? Педагог жазбаларды қарап, жетіспейтін сандарды жапсыруды ұсынады. 1-ден 10-ға дейін санайды қорытынды балаларды мадақтайды. Карточкалардан тапсырмалар ұсынады: 0-ден 10-ға дейін сандарды ретімен қоюды. Әсерлерімен бөліседі. Тапсырманы орындайды, сандарды ретімен қояды. **4. Музыка-** музыка жетекшісінің жоспары бойынша	жапырақ... ... бүршік балық … ... уылдырық Жұмбақтар жасыру. Балалар жауабын тауып, барлық жауаптардың ортақ атауын табады. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы менен тарағы. (Шаштараз) Ертемен ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) Тәрбиеші:–Балалар тақтада қандай мамандық иелері бейнеленген? – Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме?		**Дәптермен жұмыс** 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір. Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет. **Сергіту сәті** Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қолды жоғары көтеріп, Қолды төмен түсіріп, Терең тыныс алайық. **Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)** Үзік сызықтарды бастыр. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. **Қорытынды. Мадақтау** **3.Музыка-** музыка жетекшісінің жоспары бойынша» **4.Дене шынықтыру** **«Кім шапшаң?»** Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа

			– Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. **«Қандай мамандық иесі?» ойыны.** Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) – Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады.		бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; **ҰІӘ барысы:** **I бөлім:** Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну. **II бөлім: ЖДЖ** құралсыз Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Кім жылдам?» Шарты: әр түрлі кедергілер арасынан еңбектеу 2-ойын: «Айдаһар» ойыны доппен Шарты: балалар екеуден бөлініп, бір –біріне арқаларын беріп тұрады. Тәрбиеші әрқайссының арқаларына доп қыстырады. Мәре сызығына кім допты құлатпай келеді, солар жеңімпаз атанады. **III бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.

			Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады». Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. **4. Құрастыру.** Тақырыбы:Кірпі. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен бейнелер жасауды үйренеді. ҰІӘ барысы: Миға шабул «Кім жылдам?» Шарты: Жұмбақтың шешеуін тез табады. Үсті толы ине Бірақта, іс тігіп, қадамайды түйме Ол не деп ойлайсыңдар? –кірпі Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Сұрақтар қою.		

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№7	№4	№15	№3	№10
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау	Аз қимылды ойын: **«Қояндар»** Міндеті: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. *Ойынның шарты:* Барлық балалар қояндар болып ,шеңбер жасап тұрады. Өздерінің әндерін айтып, қояндарша секіріп, билеп жүреді. Ақ қоян-ау, ақ қоян Орныңнан тұршы, Шашыңды тарашы.	**вариативтік бағдарлама «Оригами әлемі»** «Ала тауық» Міндеті: Балалардың үй құстары және олардың балапандары туралы білімдерін бекіту. Кішкентай бұрыштар иіліп, «Батпырауық» негізгі пішін көмегімен тауықты жасауға үйрету. Өз күшіне сенуге, тапқырлыққа тәрбиелеу.	Балалардың қалауынша ертегі, әңгімелер оқу; мобильді ертегі тыңдау Үстел үсті ойыны «Танграм» әдісімен бейнелер құрастыру	Баяу табиғат әуенін тыңдай отырып, көз алдарына елестету арқылы табиғатты бейнелеу. Міндеті: табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, ойлау қабілеттерін арттыру, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру

		Бетінді жушы Әйбат көйлек кисеңші Біреудің қолын үзсеңші Осы кезде бір сыбдыр естіліп, қояндар қашып тығыла бастайды. Тыныштық болғанда ойнап, секіреді.			
Балалармен жеке жұмыс	Дархан Раянаға 10-ға дейін тура және кері қарай санауды бекіту. Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету	Жәует Айзереге шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіру; таңертеңгі гимнастиканы орындауға қызығушылық арттыру	Каратаева Кәусарға өз күші мен мүмкіндіктеріне сенуге үйрету. Арнайы көлік құралдарының қолданылуын үйрету.	Дархан Раянаға 10-ға дейін тура және кері қарай санауды бекіту. Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету	Жәует Айзереге шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіру; таңертеңгі гимнастиканы орындауға қызығушылық арттыру
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№3	№15	№4	№7	№10
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	«Әкелер мектебі» атты жарысқа дайындық туралы сөйлесу	«Үйде балаңыздың тәртібі» әңгімеге Амирдің ата-анасын тарту.	Балаларды демалыс күндері қандай іс-шараға қатыстыруға болады	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 27-01 қараша 2023 жыл

Күн тәртібі	**Апта күндері**				
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы: жуылған ойыншықтарды сөреге жинау	Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы:балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер.	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын: «Күншуақ» Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес,әңгі мелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата –аналарға кеңес** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналарға кеңес** Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет,балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Дид ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	**Тақпақ үйрету.** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз?	Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	**«Жаңғақтармен ойын »** **Ойын мақсаты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау	**Дидактикалық ойын:**«Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйренеді.

		Біз үйде – бесеуміз		қабілеттері дамиды.	
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №4 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Жаңалықтарымен бөлісу.	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу.!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** Міндеті: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар:	**1.Көркем әдебиет** «Ертегі еліне саяхат» Міндеттері:Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу,онда рөлді,сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру,белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға түрлендіруге мүмкіндік беру. Тапсырма: Балалар алдарында берілген ертегі кейіпкерлерін таңдап алады. Үштік әдісі арқылы өздері	**1.Сөйлеуді дамыту** «Ғажайып дыбыстар» Міндеттері:Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Мақсаты:Дауыссыз ж- ш, дыбыстарды есту бойынша ажырату арқылы сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра біледі. Ойын: «Дыбыс қайдан шығады?» Шарты:Аудио жазба арқылы	**1.Дене шынықтыру (таза ауада)** «Қашықтыққа секіру» Мақсаты:Үлкен резеңке допқа отырып, қашықтыққа алға секіре алады. 2.3м арақашықтықтан тігінен қойылған нысанаға оң және сол қолмен доп лақтыра біледі. ҰІӘ өтілу барысы: 1.Балалармен амандасу. «Пойыз» ойыны. Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсетеді. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп,	**1.Дене шынықтыру** «Негізгі қимылдар» Мақсаты: Аяқ алшақ қол белде, иықты жоғары-төмен түсіре алады.Гимнастикалық қабырғаға өрмелей алады. ҰІӘ өтілу барысы. Балалармен амандасады Шеңбермен жүреді,жүгіреді. 4 қатар сапқа тұрады. Жалпы даму жаттығулары:

	«Күн- түн» 1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. «Иілгіштер» 2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу. «Балапан қанатын қақты» 3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру, «Айнаны сүрту» 4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. «Көбелек ұстау» 5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. «Серіппе» 6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ. Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. қос аяқпен секіру. 2. Отырған және тізерлеп	таңдаған кейіпкерді сипаттап айтып береді. Сол ертегі кейіпкерлері бойынша топқа бөлінеді. Командамен жұмыс: Өздері таңдаған кейіпкерлерін сомдап ертегіні сахналап береді. Қорытынды:от шашу **2.Қоршаған ортамен таныстыру** «Өсімдіктер әлемі» Міндеттері: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдісерін білу; оларды суару,түбін қопсыту,жапырақтың шаңын сүрту. балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту. Өзімен қатар құрбыларымен достық қарым-қатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу Тәжірибе жұмысы. Педагог балаларға сары, көк және жасыл түсті жапсырмаларды бөліп береді. Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы пікір білдіреді. Өсімдіктің атауын анықтап, оны күту жолдары жайлы әңгімелейді: түстерге бөлініп	ж,ш дыбыстарын ажырата отырып,сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра біледі. Ойын: «Ғажайып дыбыстар» Шарты:Дыбыстарды естуі бойынша ажыратады және салыстыра біледі Рефлексия: Өлең айту арқылы қорытынды жасау. **2.Сауат ашу негіздері** «Сөйлем қалашығы» Міндеттері:Сөйлем сөздерден тұратынын біледі.Берілген сөздерден жай сөйлем құрастыру. Мақсаты:Сөйлем құрау арқылы, сөздердің ретін көрсете отырып жіктей біледі. ҰІӘ өтілу барысы: ойын:«Сиқырлы экран» Шарты:Слайд арқылы сөздерді жіктей отырып сөйлемді қалай құрастыру керек екенін түсіндіру. Ойын: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» Шарты:Аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастырады. Рефлексия «Ашық-жабақ сұрақтар» әдісі арқылы қорытындылау. **3.Қоршаған ортамен таныстыру** «Жыл құстары» Міндеттері: Жыл құстары мен қыстайтын құстар туралы білімдерін бекіту, оларды ажырата және атын атай біледі.	шеңберге тұрғызады. 2. Жалпы даму жаттығулары: Жалаумен. 1.Б.қ. н.т. жалау төменде, 1- жалау алда ; 2- жалау жоғарыда; 3- жалау жан – жақта; 4- б.қ. келеді. (6рет) 2.Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- оң аяқпен алға бір қадам жасау, жалау жан –жақта; 2- б.қ. келу.Сол аяқпен қайталайды.(6-7 рет) 3. Б.қ. еденде отыру, жалау кеуде алдында; 1- алға енкейіп ,жалауды оң, сол аяққа жеткізеді; 2- б.қ. келу. (6-8 рет) 4. Б.қ. тізерлеп тұрады, жалау кеуде алдында, оңға, солға бұрылады, жалауды жан – жаққа созады; 2- б.қ. келеді. (8рет) 5. Б.қ. н.т. жалау төменде; 1-2- отырып, жалауды алға созу; 3-4- б.қ. келеді. (6-7рет) 6. Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- секіріп , аяқты алшақ ұстайды, жалауды жан –жаққа созу; 2- б.қ. келу.(1-8 реттен 3рет қайталайды) Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салады. Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді. Тікелей бақылау, өнім арқылы саралайды, блум таксономиясы. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары: 1. Үлкен резеңке допқа отырып, қашықтыққа алға секіреді. 2. Текшелер, кеглилерден аттап жүреді. Тікелей бақылау, сыни ойлау,	1.Аяқ алшақ қол белде, басты оңға, солға бұру толық айналдырады. 2. Аяқ алшақ , қол белде, иықты жоғары-төмен түсіреді. 3. Аяқ бірге, қолды жоғары ұсау,оң аяқты артқа жібереді. Б.қ келеді 4.Аяқ бірге, тізерлеп отырады, қол белде, артқа шалқайтады бастапқы қалыпқа келеді. 5.Отыру аяқ бірге, қолды жерге тіреу,кеудені көтереді.6.Аяқты біріктірп отыру, кезек қарау көзілдірік жасайды. 7.Кеудемен жату, қол мен аяқты көтереді. Құс қимылын жасайды. 8.Тыныс алу жаттығуын жасайды. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы . 1.Гимнастикалық қабырғаға өрмелейді. 2. Допты еденге ұрып, ұстап алады 4 к моделъі, бала үні Мазмұн арқылы саралайды Блум таксономиясы Қимылды ойын. «Кім бірінші?» Ойын шартымен таныстырады. Қорытынды: Балаларды мадақтайды **2.Қазақ тілі**


Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**	**№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.** Мақсаты: балаларға	**№12 Саябаққа саяхат** Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың	**№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау** Мақсаты: балалардың	**№ 13 Күн көзін бақылау.** Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы,

	Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады	құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегңмен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)	білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әнгііме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы. Көркм сөз: Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардаң таулар Көлеңкесін көреді. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Жеке жұмыс:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. Кім бәрінен алысқа лақтырса-сол жеңімпаз. Жұмбақтар: Мәтел: Қанаты жоқ ұшады, Қыстағы қар,жаздағы жаңбыр- Аяғы жоқ желеді, Жерге жауған нұр. Аузы жоқ ұлиды. (боран)	ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.	ортасы,аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды. Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жүп болып эстафета ойының жүргіжу» Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме-салаттарды құрату. Жұмбақ; Мақал: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да ерір.

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалардың тыныш, жайлы ұйықтауларына жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	«Математика әлеміне саяхат» д/о Міндеті: сандарды санай алу, соған сәйкес пішіндерді топтастыра алу дағдыларын бекіту. Жылдамдықтарын, зейіндерін арттыру. Шарты: ойынға 2 баладан шығып. Уақыт бойынша, берілген сандарға пішіндерді санай отырып топтастырады.	«Алтын сақа» ертегісі Міндеті: көркем шығарманы тыңдай алу, сұрақтарға жауап беру, ойларын толық жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру.	Оригами әлемі «Батпырауық» Мақсаты: Балаларға «Батпырауық»  негізгі пішіні туралы білімдерін нығайтып, бұрыштарын бүктеу сызығына қарай бүгуді үйрету. Зейінді, табандылықты дамыту. Қолөнерді аппликациямен безендіру.	Дәптермен жұмыс: Өткен «Ә»,«Е», дыбыстарын қайталай отырып, оларға тән жазу элементтерін жазу. Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау	«Біз бір отбасындаймыз» еңбек әрекеті Міндеті: балаларды топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, бірлескен еңбек әрекетіне дағдыландыру.

Балалармен жеке жұмыс	«Бұл кім, ол не?»д/о Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға дағдысын қалыптастыру. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру Шарты: балаларға карточкалар таратылады. Бір біріне кезекпен сұрақтар қою арқылы, карточкадағы жұмбақты жасырады. Қ.Мансұр, Самал, Аяулым, Бағнұр, Жангир, Али	«Подиум» аз қимылды ойын Міндеті: өз күші мен мүмкіндіктерге сенуге үйрету. Шарты: қыздарға костомдарды таңдауларына мүмкіндік беріп, оларды қызыл сызықтың бойымен түзу жүріп өтулерін тапсыру. Айдана, Гаухартас, М.Аянат, Мөлдір,Аяулым,Медина	«Біз сурет сала аламыз» Міндеті:«Алтын сақа»ертегісіндегі заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуға үйрету. Амир, Жігер, Айат, К.Аянат, М.Аянат, Аяулым	«Қауіпті-қауіпсіз» д/о Міндеті: Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Шарты: балалардың қолдарына қызыл, көк карточкалар ұстату, қауіпті бейнені көргенде қызыл, қауіпсіз бейнені көргенде көк көтеруі керек. Шатасқан жағдайда ойларын сұрау. Амир, Қ.Мансұр,Расул, М.Мансұр,Қобланды.	«Мектеп» Міндеті: Сюжеттік сурет салу дағдыларын қалыптастыру Ерсайын, Мәрмәр, Расул,Арсен, Гаухартас
Серуенге дайындық	Реттілікпен, ұқыптылықпен киіну дағдыларын қалыптастыру. Серуенге шығу.				
II Серуен	**№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**	**№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.**	**№12 Саябаққа саяхат**	**№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау**	**№ 13 Күн көзін бақылау.**
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Балаңызға үйде ертегі айтып бересіз бе?» әнгімелесу	Ата-анаға «Қыс» тақырыбында балалармен бірге сурет салуды тапсыру	Балалардың жақсы қырларын ата-аналарға айту	«Балаңызбен серуендейсіз бе?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 қаңтар 2024 жыл

Күн тәртібі	**Апта күндері**				
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту).	Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес,әңгі мелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Акпан айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.	Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау	қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға,кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу (танымдық, еңбек іс-әрекеттері) Кітаптарды қарау, назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекеттер)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті) Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауы. Балалармен жеке жұмыс жүргізу. (танымдық, зерттеу іс-әрекеттері) Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату Балалармен жеке жұмыс. (танымдық іс-әрекет)	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (танымдық іс-әрекет) Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс жасау.

Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №8 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Сұрақ-жауап: «Дұрыс тамақтануға баулу» Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекет дағдысы Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін,құлағымм ен тыңдаймын»				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Жүрекше» деген ойын ойнату.Жүрекшені екі қолмен алақанда ұстап тұрып, шын жүректен деген сөзді қосып, жақсы тілек айтып, қасындағы баланың атын айтып ұсынады. Ойын соңында барлық бала оң алақанын жайып тұрып: «бәрімізге денсаулық тілейміз» - деп терең дем алады. **(сөйлеуді дамыту)**	«Ата аналары кім болып жұмыс жасайды?», «Мамандық дегеніміз не?», «Өскенде мен кім боламын?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**	Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бұл мезгілде қандай айлар бар? Жылда неше мезгіл бар? Қыстың айларын атаңдар? Қыстың ерекшеліктерін еске түсірейік? Алда келе жатқан қандай мезгіл? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**	Шаттық шеңбер Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Құрметтеп біз сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардан бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу. Футбол:аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу. **Ұйымдастыру кезеңі:** 1.Кіріспе Жалпы дамытушы	**Көркем әдебиет** «Жақсы жаман» Мақсаты: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана біледі. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Қызықты әңгіме» Шарты: Сурет арқылы баланың іс әрекетін жақсы мен жаман істі	**Сөйлеуді дамыту** «Буындардан сөз құрастыр» Мақсаты: Дыбыстардың сөздегі орнын, сөздегі буындардың санын, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі:	**Дене шынықтыру** Жалпы дамыту жаттығулары: Арқаға арналған жаттығулар: топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалата алады. 1.Кіріспе бөлімі: Жалпы дамыту жаттығулары: Арқаға арналған	**Дене шынықтыру** «Орман жұмбақтары» Мақсаты: Ойындар арқылы негізгі қимылдарды орындау дағдылары қалыптасады.. Ұйымдастыру

	жаттығулар: Іштің бұлшық еттеріне (пресс) арналған жаттығулар. Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екіншісі оның аяғына отырады (7–10 рет); **2.Негізгі бөлім** Допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алады. Футбол:аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғады **Қорытынды** Тыныс алу жаттығуларын жасату. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» **Сөйлеуді дамыту** «Жыл басына	ажыратып, түсіндіріп, әңгімелеу арқылы көркем тілді қолданады. ойын:«Жақсы мен жаман» Шарты: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана біледі; Еркін ойын: «Жақсы, жаман» Шарты: Жақсы мен жаманды ажырата білу. Корытынды «Баспалдақ» әдісі арқылы. **Математика негіздері** «Бір» сөзінің мағынасы. 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Тапсырма:** « > » « < » « =	ойын:«Калейдоскоп» Шарты: Калейдоскопқа қажетті әріптерді орналастыру арқылы сөздер табу,оларды буынға бөліп санын анықтау. ойын: «Буындардан сөз құрастыр» Шарты:Сөздегі буындардың санын,сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларықалыптасты.. Еркін ойын: «Буынды жалғастыр» Шарты:Буынның жарты бөлігін табады. Рефлексия Сұрақ-жауап арқылы. **Сауат ашу негіздері** «Көңілді буындар» Мақсаты: Сөздегі буындардың ретін анықтай алады. **Ұйымдастыру кезеңі:**	жаттығулар: топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалатады. (7–10 рет), 2. Негізгі бөлім 3–4 доғаның астынан еңбектеп өту. 3.Қорытынды Тыныс алу жаттығуын жасату. қимылды ойын: «Кім жылдам?» **Көркем әдебиет** Тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап таба алады. Ресурстар: Суреттер, дидак материалдар. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Күн сен неге күлімдейсің» Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсінік беру, «Күн сен неге күлімдейсің» тақырыбына әңгіме құрастыру. ойын:«Табиғат өзгерістері» Шарты: Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау	кезеңі: Ойындық сәт Қоянның жіберген шақыртуын көрсету: қоян балаларды ойнау үшін достарымен бірге орманға шақырыпты. Негізгі кезең: Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан» аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт». Ойын түріндегі жаттығу: «Орман жұмбақтары» Түзде жүрер көк сері. (Қасқыр) Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұлтартып, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі) Үстінен тоны

	таласқан хайуанаттар» Мақсаты: Дауыссыз х - h, дыбыстарды естуі бойынша ажыратуға ,сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты, дұрыс сөйлей білуге ұмтыла алады. **Ұйымдастыру кезеңі:** ойын: «Ғажайып сөздер» Шарты: Дыбыстардың орын тәртібіне мән бере отырып сөздердегі х,h дыбыстарын ажырату арқылы сөздерді түрлендіруге және дұрыс сөйлеу білуге үйрету. Тапсырма «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Шарты: Ертегіні әңгімелеу арқылы дауыссыз х - h,дыбыстарды есту	»таңбаларды қойып,сандарды салыстыр. **Тапсырма:** Теңдік дұрыс болатындай етіп төркөздерді толтыр. **Қоршаған ортамен таныстыру** Үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту. Үйде қандай техника құралдарын қолданатынын айтып беруін ұсыну **Музыка** Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	жетекшілігімен ойын: «Буынға бөл» Мақсаты: Қол шапалақтау арқылы буындардың санын анықтайды.. Құрылымдалған ойын: «Көңілді буындар» Шарты: Сөздің басындағы дыбысты анықтау,ептілігін қалыптастыру. Еркін ойын: «Неше буын» Шарты: Сөздегі дауысты дыбыстардың санын ерекшелейді,буындардың ретін анықтайды. Кері байланыс беру: «Өсу ағашы» әдісі арқылы. **Қоршаған ортамен таныстыру** Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе	әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдану. ойын: «Гүлдер» Шарты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Рефлексия «Күн» мен «Түн» қимылды ойын арқылы қорытындылау. **Математика негіздері** «Қуыршақтарға арналған бау» **Мақсаты:** Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсініктерді қалыптастыру. **ұйымдастыру кезеңі:** ойын:«Қуыршақтарға заттарды бірдей бірнеше бөліктерге бөлу әдістерін көрсетеміз» Мақсаты: заттарды бірдей бірнеше бөлікке бөлу. «Қуыршақтарға арналған бау» Мақсаты: Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу. Еркін ойын:	түспеген. Сонда да араз қыспенен. (Аю) Сыни ойлау,жаппай бақылау Нұсқау: жабайы аңдарға тән ерекшеліктерін салып көрсету. Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға бұрмау. «Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға бұрылу. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орандау: 20 см биіктен тереңге секіру. Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған.

	бойынша ажыратады және сөздерді түрлендіре отырып қызығушылықтары оятып дұрыс сөйлей білуге ұмтылады. Еркін ойын: «Ғажайып ертегі» Шарты:Қызықты ертегіні рольдерге бөліп сахналау. Рефлексмя «Ашық- жабық» сұрақтар арқылы. **Математика негіздері** Заттар тобын санаймын және салыстырамын» Мақсаты: Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылай алады. **Ұйымдастыру кезеңі:** ойын: «Досымның сыйлығы» Шарты: Достарына гүлдерді санауға және салыстыруға көмектесіп белгілерді қою. ойын: «Заттар тобын санаймын және салыстырамын» Шарты: Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылайды,және қаламмен бастырып сызады. Еркін ойын: «Не артық» Шарты:Суретте қандай доптардың артық екенінсуретке сәйкес дұрыс жазуды тап. Рефлексия «Досыңа хабарлас» **Сауат ашу негіздері:**		«жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **құрастыру** Суреттер көрсету арқылы шығармашылыққа баулу. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «құстұмсық», «жапырақ» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Ойын кілемшесін сәндеуге үйрету. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіріп құрастыру	«Қуыршақтарды тамақтандырайық» Шарты: Қалай теңдей бөлуге болатындығын анықтау. Рефлексия «Баспалдақ әдісі» арқылы. **Қазақ тілі** «Кім кп біледі?» Міндеттері: дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажыратады, оларды сөйлеуде қолданады. мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтып, белгілі бір түсінікті сипаттай алады. ҰІӘ кезеңі: Ойын: «Дауыс ырғағына қарай ажырата біл» шаттық шеңберінде өлең жолдарын бірге айту: -Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем беретін Біз әдепті баламыз! -Балалар ,табиғат деген сөзді қалай түсінесіңдер? Балалардың жауаптарын тыңдау. Табиғат суреттері арқылы топтарға бөлу. «Көктемгі табиғат» мәтінін оқып беру. Нұсқау беру: -Балалар осы әңгімені оқыған кезде мен қай жерінде көтеріңкі дауыспен оқыдым, қай жерінде жай хабарладым,қай жерінде сұрақ қойдым? Топтасып ақылдасып, табыңдар. -Ал енді өздерің алдарыңдағы суреттерді пайдаланып ,біреуің көтеріңкі дауыспен	Қояндарға бөренеден секіріп үйренуді ұсынады. Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. «Кім епті?». Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр. Балалардың заттарды айналып өту қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін қадағалайды. Мазмұн арқылы саралау,командада жұмыс,бала үні,тікелей бақылау Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал» Шарты: Балалар допты қарсы тұрған жолдасының қолына дәлдеп лақтырады. **Сауат ашу негіздері** «Сөйлем қалашығы» Міндеті:Сөйлем құрау арқылы, сөздердің ретін көрсете отырып жіктей біледі. Ұйымдастыру кезеңі: ойын:«Сиқырлы экран» Шарты:Слайд арқылы сөздерді жіктей отырып сөйлемді қалай құрастыру керек екенін түсіндіру, «Сөйлем қалашығы» Шарты:Сөйлем құрау арқылы, сөздердің ретін көрсете отырып жіктей біледі

	Міндеті: Буындардан сөз құрауды біледі (ауызша), ҰІӘ кезеңі: Ойын: «Алғашқы буын» Шарты: Суреттегі сөздердің алғашқы буынын табу арқылы буындарды үзік сызықтарды сәйкес суретпен біріктіру. Ойын: «Буынды жалғастыр» Шарты: Буындардан сөз құруды біледі жәнежарты бөлігін табады..(ауызша), Ойын:«Ғажайып сөздер» Шарты: Қалықтап ұшып жүрген сөздерді оқып буынға бөледі. Қорытынды: сұрақ жауап арқылы			және жай хабарлап әңгіме құрастырыңдар.Екінші бала дауыс ырғағына қарап сөйлемді ажыратыңдар. Кері байланыс беру: «Кім жылдам жауап береді?»	ойын: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» Шарты:Аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастырады. Рефлексия «Ашық-жабақ сұрақтар» әдісі арқылы қорытындылау. **Қазақ тілі** Суреттер сөйлесін Міндеттері: Сурет арқылы болашақта елінің қандай азаматы болатыны туралы әңгіме құрастыра алады. ҰІӘ кезеңі: Ойын:«Кішкентай ханзада» Шарты: Өз Отанына деген сезімдерін тәрбиелей отырып өздеріңді ханзадамын деп елестетіп көріңдерші.? Сендер немен шұғылданар едіңдер? (сахналау) Ойын:«Болашаққа жоспарым» Шарты: Сурет арқылы болашақта елінің қандай азаматы болатыны туралы әңгіме құрастырады. Ойын:«Ғажайып сөздер» Шарты: Мен Отанымды сүйемін деген сөздерді айтып Отан туралы сурет салады. Қорытынды: сұрақ жауап арқылы.

					Музыка Пән мұғалімінің жоспары бойынша.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 38 **Қардың тереңдігін бақылау.** **Мақсаты:** Балалар назарын ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аударады, қардың қаншалықты терең екенін көреді. **Қимылды ойын: «Ақшақарды изде»**	№ 42 **Қардағы іздерді бақылай білу** Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра біледі. Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз» Мақсаты: Оң және сол	№ 40 **Бұрқасынды бақылау** **Мақсаты:** Бұрқасын туралы түсініктері қалыптасады. **Қимылды ойын: «Сырғанақ»** **Мақсаты:** Ойын ережелеріне сәйкес қозғалыстарды орындай алады. **Еңбек: ауланы қардан**	№ 41 **Тайғанақты бақылау** **Мақсаты:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсінеді. **Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»** **Мақсаты:** Шапшаң,жылдам қимыл жасауға үйренеді. **Еңбек: Жолға құмды төгу** **Мақсаты:** Өз еңбектерінің нәтижесін көреді.	№ 42 **Қардағы іздерді бақылай білу** **Мақсаты:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра біледі. **Қимылды ойын: «Нысанаға**
	Мақсаты: Мәтінге сәйкес қозғалысты орындай алады. **Еңбек: Өз бетінше жұмыс** **Мақсаты:** Өз қалауларымен жұмыс жасайды. **Жеке жұмыс:**қар түйіршіктерік алысқа лақтыруға жаттықтыру.	қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай біледі. Еңбек: Үлкендерге көмек көрсету Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтайды. жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану.	**тазалау** **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс жасайды. **Жеке жұмыс:** мұздың үстімен сырғанай білу.	**Жеке жұмыс:** денені тепе тең ұстап,мұз үстімен сырғанай білу**.**	**тигіз»** **Мақсаты:** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай біледі. **Еңбек: Үлкендерге көмек көрсету** **Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтайды. **жеке жұмыс:** шаңғыда жүре білуге машықтану.
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				

Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	№ 2 «Денсаулық»жолмен жүру	№ 2 Тыныс алу жаттығулары. Біз баламыз шыныққан,	№ 2 Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық	№2 «Денсаулық»жолмен жүру Арнайы жолдармен ,	№ 2 Тыныс алу жаттығулары.
	Арнайы жолдармен , Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Денсаулығы мықты жан. «Денсаулығым керемек,жаттығуға рахмет!»	Енді кәне бәріміз, Жаттығуды жасайық.	Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Денсаулық ол – шыныққан Барлық дене мүшесі. Денсаулық ол-тыныққан Жүйке тамыр жүйесі
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Топта бар мамандық иелерінің киімдерін кигізіп, рөлдерге еніп ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)** Әр түрлі мамандардың құралдарын ермексаздан мүсіндету. Кітаптардағы суреттерге қарап сурет салдырту. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Өлеңдерді оқып беру **Ұшқыш** Кең аспанды шарлаған, Ұшқыш деген мен болам. Қыран құстай самғаған, Ерен жүйрік мен болам *А. Асылбеков* **Мамандық** Мен суретші боламын, Бәріңді де саламын. Марапатқа ие болып Бірінші орын аламын. Мен дәрігер боламын, Бәрін емдеп жазамын Адамдарды құрметтеп, Бәріне ие боламын. Ал мен ақын боламын, Өлеңдерді жазамын. Ақындыққа ие болып, Бәрінен озып шығамын. Мен таңдайтын мамандық Бір тамақты пісіріп, Бір тамақты түсіріп, Анам ылғи жүреді «Дәмді емес» кім деді Мен аспазшы боламын! *Н.Әлімқұлов*	**«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама** Қоян Балаларға үшбұрыштың негізгі формасын қолданып, көжек жасауды үйрету. Қайшыларды мұқият қолдану. Түсіндірмені мұқият тыңдауға, орындау ретін дұрыстап қарауды талап ету. Қол ұсақ мотористикалық дамыту.	Орталықтарға бөлініп өздері таңдаған мамандық иелерінің суретін салу, мүсінін жасату, қағаздан қиып композиция жасату. **(шығармашылық іс-әрекет)** Кітаптардан әр түрлі жұмыс құралдарын қарап олармен не істейтіні туралы әңгімелесу. **(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)**	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**

		Балалармен болашақта кім болатыны жайлы сұрау, қалаулары бойынша тақпақтың бір бөлігін жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Топта бар мамандық иелерінің киімдерін киеп, рөлдерге еніп ойнауына жағдай жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)**			
Балалармен жеке жұмыс	Қобландыға жаңылтпаштар айтқызу. Мақсаты: «қ» дыбысын дұрыс артикуляция сын дұрыстау	Аяулымға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. (сурет салу)	Жангирге жаңылтпаштар айтқызу. Мақсаты: «у» дыбысын дұрыс артикуляция сын дұрыстау	«Біздің бақша» Мақсаты: Балалар тілін жаттықтыра мәнерлеп оқу.Тақпақтарын анық айтуға үйрету.	«Арқан тартыс», «Асық ату» ойындары Мақсаты: шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуге үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
II Серуен	№38	№ 42	№ 40	№41	№ 42
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларынескерту.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту	Балалардың сұранып үйге қайтуы	Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібі		**Апта күндері**			
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Көңілді нейро-сәлемдесу. **Әңгімелесу:** «Демалыс күні не істедің?» Міндеті: балаларды әңгімеге тарту арқылы байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру, өз ойын жеткізе білуге баулу. **(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)**	**Әңгімелесу.** Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау **(Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)**	**Әңгімелесу**: «Балабақша-екінші үйіміз» Міндеті: балаларға үй мен балабақшаны салыстыруды ұсыну. Балабақша қызметкерлерің жұмысын сыйлауға, бағалауға тәрбиелеу. Басқа топтағы балаларға сыйластық танытуды үйрету.	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту **(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті)**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) **(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-анаға кеңес:** Ерте ұйқыға жатқызу және балабақшадан кешіктірмеу	**Ата-аналарға** балаларды ауа-райына байланысты киіндіруге кеңес беру.	**Ата-аналардан** балабақша іс-шараларына балалармен бірге белсенділік танытуларын сұрау	**Ата-аналарға** баланы жылдам ұйқысын ашу үшін кеңестер беру	**Ата-аналарға** үйде балаларға ойын бұрышын жасап беруді ұсыну

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: Д/о: «Танграм» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту.	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту. ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойындары «Дамино» Кітап бұрышынан кітаптар қарау «Ертегілер әлемі»	Үстел үсті ойындары «Жол ережелерін білейік» Қауіпсіздік ережелері бұрышында Міндеті: жол белгілерін білуге, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру (танымдық іс-әрекет).	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №5				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырылған іс -әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Әңгімелесу	Әңгімелесу	Д/о:«Қай ертегі екенін	Балалармен шеңберде	Д/о: «Жасырылған не

	«Табиғаттағы өзгеріс» Міндеті: балаларды табиғаттағы өзгерістерді бақылауға шақыру; өз ойларын толық сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	«Менің досым» Міндеті: достық туралы түсініктерін нығайту; сөзге сын есімдерді қосып айту дағдыларын қалыптастыру	тап» Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	тұрып «Қара жорға» биін билеу Міндеті: қазақ халқының би өнерімен таныстыруды жалғастыру; ұлттық құндылықтарды құрметтеуге шақыру	екен?» Міндеті: балалардың зейіндерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: жарты бейнесі жоқ заттар бейнеленген суреттер көрсетіледі, балалар табады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Сөйлеуді дамыту** **«Көңілді күн»** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту **ҰІӘ барысы:** Ойын: Смайликтер Шарты: тақтаға әртүрлі смайликтер ілінеді. Балалар кезекпен сол эмоцияларды қайталау керек. Артикуляциялық жаттығулар: Ысқырық, баян, маса, саңырауқұлақ. Тәрбиеші сын есім туралы түсіндірме жұмысын жүргізеді. Д/о:«Суретші» Шарты: балаларға боялмаған әр түрлі суреттер(күн, әке, машина,	**1.Көркем әдебиет** **«Жыл басына таласқан хайуанаттар»** Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға, рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дәстүрден тыс жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **ҰІӘ барысы:** Шаттық шеңбері: Қол алысып қане біз Амандасып алайық Қайыры күн жер ана Қайырлы күн достарым Ойын: «Тауып көр»	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«**Балабақшадағы бір күнім» Міндеттері: «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы::** Тәрбиеші тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. – Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П»	**1.Көркем әдебиет.** **Тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық **Міндеттері:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегі мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтауға, қисынды мазмұндауға үйрету. Адал дос болуға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы** ***Шаттық шеңбері*** Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік,	**1.Қазақ тілі** **Тақырыбы:Ата-анамның мамандықтары** **Міндеттері:** мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы

	алма т.б.) таратылады. Сол суреттерді бояулары қажет және қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есім қосып айтулары қажет. Мысалы: тәтті алма, мейірімді әке, ыссы күн т.б. **2.Сауат ашу негіздері: «Дыбыстар елінде»** **Міндеттері:** М дыбысымен танысу; Сөйлемді ауызша талдауға: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу; сөйлем түрелерін(хабарлы, лепті, сұраулы) ажыратуға үйрету; дәптермен жұмыс. **ҰІӘ барысы:** **Ойын** «Кімнің есінде?» Өткенді еске түсіру: сөздер неден тұрады? Дыбыстың неше түрі бар? «П» дауыссыз дыбысымен танысу Ойын «М дыбысының орнын анықта» Шарты: тәрбиеші М дыбысы бар сөздерді атайды .Балалар М дыбысының қайда тұрғанын(басында,соңында, ортасында) тұрғанын ауызша анықтайды. Дәптермен жұмыс: таяқшалар салу Сергіту сәті Ойын карточкамен «Сөйлемді анықта» Шарты: балаларға тыныс	Шарты: тәрбиеші бірнеше ертегіден үзінді келтіреді, балалар табады. Теледидардан «Жыл басына таласқан хайуанаттар» бейнефильмді көру. Сұрақ-жауап: -бұл қандай ертегі болды? -ертегіде жыл басы кім болды? -Неліктен тышқан жыл басы болды? -ал басқа хайуанаттар неліктен жыл басы бола алмады? Сергіту сәті «Бұл кім?» ойыны Шарты: ортаға бір баланы шығарып бір хайуанның суретін басқа балаларға көрсетпей көрсетеді. Бала соның дауысын немесе іс-қимылын салу керек. Қалған балалар атау керек. Немесе төлдерін атау керек. Шығармашылық сәт. Балалар 3 топқа бөлінеді. 1топ Жыл басы-атанған тышқанның суретін түрлі түсті қағазды ұсақ бөліктерге жырту арқылы жапсырады, 2топ саусақ ұшымен	дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Ойын «Кім тапқыр» Шарты: балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Дыбыстық жаттығулар: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Ойын «Сөз құрап көр» Шарты:балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. **Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру** **Сергіту сәті** Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тым бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді. Тәрбиеші: – Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып	Денсаулық пен жылылық! Тәрбиеші жұмбақ жасырады: «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». *(Мысық)* – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. ***Сұрақ-жауап:*** - Ертегі қалай аталады? - Мақтақыз не тауып алды? - Мысық не істеді? - Мақтақыз мысықты қалай жазалады? - Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі? - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? **Сергіту сәті:** Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. - Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік. Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді. 3-4 балаға айтқызып қайталату. **Қорытынды сұрақтар:** - Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. - Мысық не істеді? - Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың? - Мысықтың әрекетін	қызығушылықтарын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойына тұрады. *«Не бұрын?» ойыны.* Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. *Не бұрын? Балалардың жауабы:* балапан ... ... жұмыртқа жылқы ... ... құлын сиыр... ... бұзау нан ... ... ұн көйлек ... ... мата велосипед ... ... темір жапырақ... ... бүршік балық … ... уылдырық Жұмбақтар жасыру. Балалар жауабын тауып, барлық жауаптардың ортақ атауын табады. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы менен тарағы. (Шаштараз) Ертемен ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар.

	белгілер таратылады. Тәрбиеші сөйлем оқиды. Балалар соған сай тыныс белгілерін көтерулері керек және сол сөйлемді сөздерге бөлу керек. Ойын «Көңілді шапалақ» Шарты: тәрбиеші сөздер оқиды «М» дыбысы бар сөздерді естігенде шапалақтау керек. (кітап, қар, піл, есік, доп, бақа, апа т.б.) **3.Математика негіздері. «Сандар әлеміне саяхат»** Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды бекіту. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік шығаруға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дәптермен жұмыс. **ҰІӘ барысы:** Аз қимылды ойын: «Пойыз» Шарты: балалар пойызға вагондар болып тіркеліп сандар әлеміне келіп тоқтайды. 2 саны шығып көршілерінен адасып қалғанын айтады. Оларды іздеп барар жолда кедергілер болатынын айтып ескертеді. Балалардан көмек сұрайды. 1-тапсырма: 1-10 дейінгі	бояйды, 3топ ермексазды созу арқылы мүсіндейді. **2.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері. **Міндеттері:** көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге тұрады. *«Доп пен үрлегіштер» ойыны.* Ортаға бір бала шығып, желі шығып	беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек. **Балабақшадағы алғашқы күн** Кішкентай Балжанды таңертең әжесі ұйқысынан оятты. – Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола қалды.Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып келді,тобына ертіп кірді. – Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді, балабақша Балжанға ұнады ма? Жаңылтпаш: 1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек. Қорытынды сұрақтар: – Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? – Біз бүгін кім туралы әңгімеледік? **2.Сауат ашу негіздері**	ретімен әңгімеле. - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. - Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің? **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Менің дене мүшелерім»** **Міндеті:** Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру. **Шаттық шеңбері:** - Қайырлы таң, көздерім! - Ояндыңдар ма? Қайырлы таң, құлақтарым! - Ояндыңдар ма? -Қайырлы таң, қолдарым! - Ояндыңдар ма? -Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояндыңдар ма? «Аялдама» Д/О Тәрбиеші балаларға шеңбер бойы жүруді және оларға сөздерді айтатынын хабарлайды. Егерде сөз арасында дене мүшелерді атаса оларға аялдамаға тоқтауды ұсынады.	(Жүргізуші) Тәрбиеші:–Балалар тақтада қандай мамандық иелері бейнеленген? – Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер.

	сандарды тура және кері санап бер 2-тапсырма: карточкадағы заттарды салыстыр.(Көп-аз) (Осы тапсырмадан соң 2 санының алдыңғы көршісі табылады) 3-тапсырма: «Теңдей бөл» Шарты: кірпі мен тиінге алмаларды; ақ қоян мен сұр қоянға сәбіздерді теңдей бөліп бер. Сергіту сәті 4-тапсырма: Дәптермен жұмыс (осы тапсырмадан соң 2 санының кейінгі көршісі табылады) Тапсырмаларды орындап болған соң, пойызбен еліне қайтады. Балаларды мадақтау **4.Дене шынықтыру** **«Кім шапшаң?»** Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан	кеткен «доп» болады. Қалған балалар – «үрлегіштер». «Доп» екі аяғын жартылай бүгіп, денесін бос ұстап, алдыға бүгіп, басын төмен салбыратып тұрады. Барлық балалар қолдарымен «үрлегішпен» жел айдап жатқандай қимыл жасайды. Әрбір қимылды «С-с-с» деген дыбыспен орындайды. «С-с-с» деген дыбысты естіген сайын «доп» желмен «толады». Бірінші «с» дегенде дайындалады, екіншісінде түзеледі, үшіншісінде басын көтереді, осылайша ұртына жел толтырады, қолдарын жан-жаққа жаяды. «Жел» әбден толған кезде, бір бала шығып, үрлегіштің шлангісін суырып алғандай қимыл жасайды. «Доптан» жел шыққандай «ш-ш-ш» деген дыбыс естіліп, қайта «желі шыққан доп» кейпіне енеді. Тәрбиеші:– Бір күні мен үйге қайтып келе жатып, жолда екі	**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік, не білеміз? **Міндеттері:** өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу. Дәптермен жұмыс **ҰІӘ барысы** Д/о: **«Жалпы атауын айт»** 1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... *(ыдыстар)* 2. Карамель, ирис, шоколад – ... *(кәмпиттер)* 3. Басбармақ, балақ үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... *(саусақтар)* 4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім)* 5. Тымақ, қалпақ – ...*(баскиім)* «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өткен тақырыпты қайталау. – Балалар сөйлем туралы не білесіңдер? (Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің	«Кәне, кәне» ойынын Тәрбиеші балалардан сұрайды: - Кәне, кәне, басың? - Кәне, кәне, көзің? - Кәне, кәне, қолың? Ойын: «Менің бетім» Шарты: балалар суретке қарамай, алдын ала дайындалған бет мүшелерін жапсырулары керек. **3. Математика негіздері** **Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау. **Міндеттері:** теңдік туралы ұғым қалыптастыру; топтарда заттардың тең санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылауға үйрету; талдау және қорытындылау білігін дамыту; дербестікке баулу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы** **Тәрбиеші сұрақ қояды**: Ойыншық дүкеніне барғыларың келе ме? – Онда не бар екенін көрейік. Ұсынысқа қызығушылық танытып, ойынға араласады. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-	– Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. **«Қандай мамандық иесі?» ойыны.** Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) – Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай

	еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; **ҰІӘ барысы:** **І бөлім:** Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну. **ІІ бөлім: ЖДЖ** № доппен Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Досыңды құтқар» Шарты: заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу. 2-ойын: «Көңілді эстофета» доппен Шарты: балалар екі топқа бөлініп, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардан аттап жүреді, «Үнгірден» еңбектеп өтеді, кубиктен айналып барып допты оң қолына алып, сол қолын артқа қойып кейін қарай қос аяқтап секіріп келеді. Допты келесі қатысушыға береді. Ол барарда қос аяқтап секіріп	адамның әңгімесін естідім. Біріншісі: «Менікі жап-жаңа, күшті әрі жылдам жүреді», – деді. Екіншісі: «Менікінің терезесі күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады», – деді. Балалар, айтыңдаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? – Бүгінгі оқу қызметінің не туралы болатынын байқадыңдар ма? – Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшинесі. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Апаттық мәшине,	жиынтығы,ол аяқталған ойды білдіреді.) – Сөйлем неден жасалады? – Буын неден жасалады? – Дыбыстар нешеге бөлінеді? ***Дидактикалық жаттығуы «Тиісті белгіні көтер»*** Тәрбиеші дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды, балалар көк немесе қызыл белгіні көтереді. **Буындармен жаттығулар.** ***Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)*** Шарты: балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші буынды айтып, бір балаға допты лақтырады, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). ***Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз».*** Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі. Тәрбиеші бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір	бірінің астына қоямыз. Тәрбиеші тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. – Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Тәрбиеші ойыншықтарға саусақ тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар. – 4 саны жазылған карточканы қоямыз. – Тәрелкелерді санаймыз. Олар неше? (3) – Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? – Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз. – Неше шырша бар? (5). – Неше саңырауқұлақ бар? (6) Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады. – Алмаларды санаңдар. Олар неше? (5). – Алмұрттарды санаңдар. (5).	қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады». Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс

	барып, допты тастап, кейін қарай кедергілерден өтеді. Қай топ ойынды тез аяқтаса сол жеңімпаз. **III бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	полиция мәшинесі. – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. – Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? – Жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. – Мына көліктерді атаңдар. – Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус,	буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: **(те-)** те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), **(ор-)** ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), **(өр-)** өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), **(да-)** да(мыл-да), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да (риға), Да (рия)**.** ***Дидактикалық ойын: «Эстафет».*** Тәрбиеші сөйлемді айтады, оны қайталайды. Бір баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Тәрбиеші келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек т.б. **Сергіту сәті** **Иілейік, балақай** Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа, Дәл осылай иілеміз солға жаққа. Жаттығуды қайтала, Екі жаққа жай ғана. Иілеміз, оңға-солға тоқтамай! **Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)** 4. Нүктелерді бастыр.	Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең. Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар? Дұрыс, ол «=» таңбасы. Жазбаны оқыңдар: 5=5. Теңестіру үшін бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, теңдік құрастырады. 5=5. Оны оқиды. Тапсырманы орындайды. Дәптермен жұмыс Сергіту сәті: Аппақ болып таң атты Түтін тікке ұшады Қарлығаштар қанатын Биік самғап ұшады. 1,2,3 ал қанекей ұш 4,5,6,7 мынау ауыл шеті 8,9,10 ал қане қон. **Қорытынды сұрақ:** «Қандай тапсырма ең қызықты, ең қиын болғанын айтып бер». Мадақтау	істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. **2.Сауат ашу негіздері** Сөздерді буынға бөлеміз. **Міндеттері:** сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды

		пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер? Өздері білетін ережелерді айтады. Тәрбиешінің жетекші сұрақтары бойынша жауап береді. *«Автобуста» ойыны.* Бір бала «қарт әженің» рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. **Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері** 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама,	5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Алақанның біреуін, Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. **3.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы **Міндеттері:** мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру.	**4.Дене шынықтыру (таза ауада)** Балаларды жедергілер арасынана жүгіріп өтуге үйрету; доппен жаттығуда ептілікке баулу; секіру жаттығуларын қайталау **ҰІӘ барысы:** **І бөлім:** Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, кедергілерден аттап жүгіру. **ІІ бөлім: «Лақтыр-қағып ал» ойыны** Балалар екіге бөлініп қарама-қарсы қатарға тұрады. Ортадағы созылған жіптен қарсы тұрған балаларға лақтырады. Қарсы тұрған бала қағып алып солай қайталау керек. **Картотека№8«Аңшылар»** **Ойын шартты:**Ойыншылар екі топқа бөлінеді. ортаға үлкен шеңбер сызылады. Ойыншылардың бір тобы үйректер-шеңбердің ішінде қалады. Екінші тобы-аңшылар-шеңбер бойымен қатарға тұрады. Ойын жүргізушінің белгісі бойынша аңшылар үйректі қолдарындағы доптармен атып ала бастайды. Ойын уақытпен ойналады. Берілген уақыт өткеннен кейін аңшылар мен үйректер орындарын ауыстырады. Ойынның соңында белгіленген уақыт	орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы** **Шаттық шеңбері:**Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық, көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1. Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер? 2. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? 3. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? 4. Сөздер неден құралады? **Дыбыстармен жаттығулар.** **«Кім білгіш?» дидакикалық ойыны** Тәрбиеші дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.

		сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық. *Қосымша ақпарат* – Балалар, бұрынғы кезде атамыз қазақ, түйеге, атқа жүк артып, көшіп жүрген. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы көшпенді халық болған. Адамдар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан. **Сергіту сәті** Төрт дөңгелек, дөңгелек, Келесің сен дөңгелеп. Жеткізер әр уақытта Қажет болған бағытқа. Оның аты – мәшине Кел, дос, отыр қасыма! **Д/т: «Көліктердің қызметі»**Сызықпен	Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойына тұрады. *«Не бұрын?» ойыны.* Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. *Не бұрын? Балалардың жауабы:* балапан ... ... жұмыртқа жылқы ... ... құлын сиыр... ... бұзау нан ... ... ұн көйлек ... ... мата велосипед ... ... темір жапырақ... ... бүршік балық … ... уылдырық Жұмбақтар жасыру. Балалар жауабын тауып, барлық жауаптардың ортақ атауын табады. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз)	аралығында көп үйрек атып алған аңшылар тобы ұтқан болып есептеледі. **ІІІ бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	***«Жұп құр» ойын-жаттығуы*** Тәрбиеші тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: *алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық,* *керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.* ***«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны*** Ойын шарты: тәрбиеші айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.* **Дәптермен жұмыс** 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі

		қос. Өз қиялыңдағы болашақ көлік үлгісінің суретін сал (электрмобиль, ұшақ-мәшине, ұшақ-тәрелке, аяқпен жүретін мәшине т.б.). **3.Математика негіздері** Заттар тобын санаймын және салыстырамын» Мақсаты: Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылай алады. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Досымның сыйлығы» Шарты: Достарына гүлдерді санауға және салыстыруға көмектесіп белгілерді қою. ойын: «Заттар тобын санаймын және салыстырамын» Шарты: Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылайды,және қаламмен бастырып сызады. Еркін ойын: «Не артық»	Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы менен тарағы. (Шаштараз) Ертемен ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) Тәрбиеші:–Балалар тақтада қандай мамандық иелері бейнеленген? – Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да		үймен сәйкестендір. Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет. **Сергіту сәті** Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қолды жоғары көтеріп, Қолды төмен түсіріп, Терең тыныс алайық. **Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)** Үзік сызықтарды бастыр. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. **Қорытынды. Мадақтау** **3.Музыка-** музыка

		Шарты:Суретте қандай доптардың артық екенінсуретке сәйкес дұрыс жазуды тап. Рефлексия «Досыңа хабарлас» **4. Музыка-** музыка жетекшісінің жоспары бойынша	жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. **«Қандай мамандық иесі?» ойыны.** Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) – Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші)		жетекшісінің жоспары бойынша» **4.Дене шынықтыру** **«Кім шапшаң?»** Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; **ҰІӘ барысы:** **І бөлім:** Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну.

			– Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі		**II бөлім: ЖДЖ** құралсыз Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Кім жылдам?» Шарты: әр түрлі кедергілер арасынан еңбектеу 2-ойын: «Айдаһар» ойыны доппен Шарты: балалар екеуден бөлініп, бір –біріне арқаларын беріп тұрады. Тәрбиеші әрқайссының арқаларына доп қыстырады. Мәре сызығына кім допты құлатпай келеді, солар жеңімпаз атанады. **III бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.

			шығады». Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. **Сурет салу** Тақырыбы: «Анама арналған орамал» түрлі пішінді қағазда симметриялық ою-өрнектерді құрастыра		

			біледі, көлемді пішіндерді безендіре алады. Ұйымдастыру барысы: Шаттық шеңбері: Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін қайталайды. ойын: «Аналар мерекесі» Нұсқау беру: сурет бойынша аналар мерекесі туралы топтасып ,жұптасып әңгімелеңдер ойын: «Орамал» Түрлі пішіндерді қолдану арқылы орамалды бейнелеңдер. Сергіту жаттығуы Еркін ойын:Ойын: «Орныңды тап!»		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	№ 4 қырауды бақылау.	№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау	№ 8 Желді бақылау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама»				

	«Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Баяу құстар әуенін тыңдай отырып, көз алдарына елестету арқылы табиғатты, құстарды бейнелеу. Міндеті: қыстайтын құстар туралы ойларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін арттыру, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру	Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау		Үстел үсті ойыны: «Ұлттық құндылықтар» Міндеттері: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын білуге дағдыландыру; 1-10ға дейінгі сандарды санау дағдыларын қалыптастыру; Дыбыс белгілерін ажырата алу дағдыларын қалыптастыру	

Балалармен жеке жұмыс	Мансурға Жаңа түстер жіне реңктерді шығаруды, ұжыммен бірге жұмыс жасауды дағдыландыру.	Балаларға Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен, спорттық жаттығуларды орындау техникасын үйретуді жалғастыру;	Қобландыға 10-ға дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажыратуды үйрету	Аяулымға Музыканың сипатына сәйкес қозғалуды; сәндік элементтермен заттарды безендіруді үйрету.	Мұхитқа тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізу дағдысын қалыптастыру
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	№ 4 қырауды бақылау.	№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау	№ 8 Желді бақылау.
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларға Отан, туған жер турады мақал-мәтел жаттатуларын сұрау.	«Үйде балаңыздың тәртібі» әнгімеге Расулдың ата-анасын тарту.	«Балаңызға ертегі оқып бересіз бе?» Әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау.

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібі		**Апта күндері**			
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Көңілді нейро-сәлемдесу. Ойын: «Біз қандаймыз?» Шарты:балалар шеңберде тұрып, кезекпен өздері туралы бір әдемі сөз айтады **(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)** **Ата-анаға кеңес:** Медбикелік кеңес: «Дені саудың жаны сау!»	**Әңгімелесу.** Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау **(Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)** **Ата-аналармен** балабақша күн тәртібі жөнінде сөйлесу. Таңертеңгілік жаттығуға уақтында келуін түсіндіру.	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту **(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті)** **Ата-аналарға психологтің кеңесі:** «Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.»	**«Көңілді кездесулер таңы»** Міндеті: балаларды балабақшаға таңертең қабылдау кезінде оңтайлы жағдай жасау. «Сыпайы сөздер сөздігі» ойыны **Ата-аналарға** балаларды ауа-райына сай киіндіру туралы кеңес беру	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) **(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)** **Ата-аналарға** таңғы жаттығудың бала денсаулығына пайдасын айту

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойыны: Д/о: «Жарты бөлігін тап» Міндеті: зейінін,ойлау қабілеттерін дамыту.	Кітап бұрышынан кітаптар қарау. Саусақ театрын пайдалану. Міндеттері: ұсақ қол маторикасын дамыту, сөйлеу,ойлау қабілеттерін дамыту.	«Жол ережелерін білейік» Қауіпсіздік ережелері бұрышында Міндеті: жол белгілерін білуге, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №4				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін,Әумин!				
Ұйымдастырылған іс -әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Санамақ жаттау Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды.	Ситуациялық сұрақ «Не істер едің?» Міндеті: қойылған сұраққа толық жауап беруге баулу; ойлау қабілеттерін дамыту	Д/о:«Кілтті сөз» Шарты: таныс ертегілердегі кілтті сөздерді атау, балалар табады. Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Жаңылтпаш жаттау Ескекті ескекші еседі, Ескекші ескекті еседі. Жаға жай, Жағажайда – Қамажай. Зура зурнада ойнайды, Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме, Зара да, Зере де	Д/о: «Бұл кім екен?» Міндеті: балалардың зейіндерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: балалардың біреуінің көзін жауып, алдына келген баланың кім екенін сипап-сезу арқылы табады

	Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсам апты алақаным, Тек шынашақ– балапанын.			зурнада ойнайды.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Сөйлеуді дамыту** **«Менің ата-әжем»** **Міндеті:** сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету; сөйлем құрағанда сын есімдерді қолдануға үйрету; дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту; үлкенге құрмет көрсетуге үйрету **ҰІӘ барысы:** Жұмбақ : Айтары мол ғұлама, Көп жасасын бұл адам, Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған. Ол кім? (ата) Дегенімді жасайтын Қалған тамағымды асайтын Ертіп алып жетектеп «Немерем» – деп атайтын? (әже) **«Сипатта» ойыны:** Шарты: ортаға кезекпен балалар шығады, ата-әжелері жайлы	**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **«**Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» **Міндеттері:** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтауға, қисынды мазмұндауға үйрету. **ҰІӘ барысы:** ***Шаттық шеңбері*** Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Шаштараз» **Міндеттері:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Шаштаразшы мамандығымен, жұмысымен танысу. Еңбекті бағалау, сыйлау ұғымдарын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы:** **Тіл ұстарту жаттығулары:** Бақ –бақ – бақ Ас салатын табақ Шақ – шақ – шақ Өткір пышақ Зан – зан – зан Ет асатын қазан Зы – зы – зы Алма салатын вазы Ман – ман – ман Су құятын құман	**1.Көркем әдебиет.** **Тақырыбы:** **«Жыл басына таласқан хайуанаттар»** **Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **ҰІӘ барысы:** Ертегіні алдымен теледидардан қарап алады. Балаларды рөлдерге бөліп**,** сахналайды. Қажетті құралдар: бас киімді	**1.Қазақ тілі** **Тақырыбы: Азық-түлік.** **Міндеттері:** Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру. **ҰІӘ барысы:** Тілдік жаттығу: Бақ –бақ – бақ Ас салатын табақ Шақ – шақ – шақ Өткір пышақ Зан – зан – зан Ет асатын қазан Зы – зы – зы Алма салатын вазы Ман – ман – ман Су құятын құман Нек – нек –нек Шай қайнайтын шәйнек Се – се – се- Шай ішетін кесе Гі- гі – гі Сүт сүзетін сүзгі Ке – ке – ке

	әңгімелейді. **Дыбыстық жаттығулар:** Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға Ыз – ыз – ыз Айназ жақсы қыз Ла – ла – ла Саят пысық бала Д/о: «Қандай дыбыс екенін анықта». Шарты: Тәрбиеші дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады. Дәптермен жұмыс: Ата-әже сөздеріне дыбыстық талдау жасау.	өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік, Денсаулық пен жылылық! – Балалар, бүгін «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен танысамыз. Ертегі көлеңкелі театрды қолдану арқылы баяндалады. **Сергіту сәті:** Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Д/о: «Кімнің есінде?» мнемотехника әдісі бойынша ертегінің мазмұнын жапсыру және әңгімелеу.	Нек – нек –нек Шай қайнайтын шәйнек Се – се – се- Шай ішетін кесе Гі- гі – гі Сүт сүзетін сүзгі Ке – ке – ке Шұңғыл тәрелке Ық – ық – ық Ас ішетін қасық **СРО «Шаштараз»** Шарты: ортаға 4 бала шаштаразшы етіп алынады. Балалар кезекпен шаштаразға келіп диалог құрады. **Ойын-тапсырма:** «Шаштаразшыға көмектес» Шарты: Берілген тапсырмадан шаштаразшыға қажет құралдарды белгілеу. Қорытынды: мадақтау **2.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «**Қыс мезгілі» «Қ дыбысымен танысу»	маскалар Қорытынды сұрақ жауап. **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: Ұлттық киімдер** **Міндеттері:** Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру. **ҰІӘ барысы:** Ұлттық құндылықтар үстел үсті ойыны Шарты: түрлі асықтар бейнеленген шаршыны лақтырып, түскен ұяшық ашылады. Ол жердегі бейнеленген ұлттық киім түрімен тәрбиеші балаларды таныстырады. **Дыбыстық жаттығулар.**	Шұңғыл тәрелке Ық – ық – ық Ас ішетін қасық Д/о: «Атауын тап» Шарты: карточкалардан азық-түліктердің суреттері көрсетіледі. Балалар атауын атайды. Дұрыс аталмаған атауларға тәрбиеші түзетулер жасайды. Балалар 4 топқа бөлініп өздері білетін азық-түліктерді мүсіндейді. Мадақтау **2.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. «Е»дыбысымен танысу Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дыбыс түрлерімен танысуды бекіту.

	Қорытынды: мадақтау **2.Сауат ашу негіздері:** «Дыбыстар әлеміне саяхат» «Ж дыбысымен танысу» Міндеттері: үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету;жазу жолы мен кеңістікті ажыратуға дағдыландыру; **ҰІӘ барысы:** Шаттық шеңбері: Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. Өткен сабақты қайталап өту. «А» Алма, алмұрт егеміз Айға сапар шегеміз Алақай-ау алақай «А» дыбысын білеміз Мен «А» әріпімін «Т» Тайға мініп шабамыз Тау мен тасты табамыз. Тарақ тайлақ тауықтан «Т» дыбысын	**2.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Табиғат құбылыстары **Міндеттері:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін бекіту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыруды бекіту (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); **ҰІӘ барысы:** Алдымен табиғат дегеніміз не екендігі туралы түсінік беріледі. Сұрақ-жауап ойыны: «Табиғатқа қандай пайда тигіздің?» **Сергіту сәті** Сергіту сәті: Бұл шақта, бұл шақта, (*қолдарын жан-жаққа созады, жоғары*	**Міндеттері:** Сөз, буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. **ҰІӘ барысы**: **Ойын: «Бұл қай кезде болады?»** Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Жұмбақ : Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Қыста шыны боп қатады,	Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Үн – үн – үн Салқын күн. Ұс – ұс – ұс, Ұшты үлкен құс. Ік – ік – ік Сәнді етік **Сурет салу: «Камзол»** **3. Математика негіздері** **Тақырыбы: Теңдіктер** **Міндеттері:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыруға, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға, топтарды санауға және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға үйрету. 10-ға дейін тура, кері санау. ұсақ қол моторикасын, шығармашылық және есте сақтау	**ҰІӘ барысы:** Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы «Өндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «Е» дыбысы бар сөздерді есте сақтап отырамыз «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға

	табамыз Мен «Т» әріпімін «П» Бала отыр партада Оқы, үйрен шаршама «П» дыбысы дауыссыз Мәлім болды баршаңа Мен «П» әріпімін «Н» Нан - әлемнің азығы Дастарқанның қазығы Нар - түйенің асылы, Өрісі ел жазығы Мен «Н» әріпімін **Ойын «Сөз тап»** Шарты: Ж дыбысы бар сөздер табу Дидактикалық ойын: «Біз зерекпіз». Шарты: Ж дыбысы бар сөздерді айтқанда қол шапалақтау, Ж дыбысы жоқ сөздерді айтқанда жұдырықтарын түю. Дәптермен жұмыс **3.Математика негіздері.** **Тақырыбы:«Пішіннен пішінге»** **Міндеттері:** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау	*көтереді, төмен түсіреді*). Кішкентаймыз қазір біз. (*Отырып-тұрады*). Кішкентай болсақ та – (*қолдарын беліне қойып, екі жаққа кезек-кезек бұрылады*). Ел қорғауға әзірміз. (*Қолдарын жоғары көтеріп, адымдайды*). Ассосация тәсілімен тақпақ жаттау: Бояуы мол табиғат Бар өнерін төккен кеп. Көрген көзге, ақиқат, Көкпеңбек-ау, көкпеңбек! Қорытынды сұрақ-жауап. **3.Математика негіздері** **Тақырыбы:** Менің роботым **Міндеттері:** қағаз парағын тең және	Жылыды су боп жатады. (Мұз) Мүлгіп тұрған бақ тыныш, Оранып ты ақ күміс. (Қырау) **Ойын-тапсырма: «Буынға бөл»** **Шарты:**балалар аққала, шырша, шана, қолғап т.б. сөздерді буынға бөледі. **Ойын: «Сөздегі «Қ» дыбыстың орнын тап»** Шарты: берілген «Қ» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады. **Дыбыстық талдау: «Шана»** Жаңылтпашты жатқа айту. Жатка тақпақ Жатта тақ-тақ Дәптермен жұмыс: үзік сызықтарды қосу арқылы бастырып жазады.	қабілетін дамыту. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балаларға жан-жақтарына мән берулерін,бірдей заттардың санын сұрайды. Балалар топтағы ұл мен қыздың санын, перделердің бірдей түстерінің санын атайды. 10-ға дейін тура және кері санайды. **Ойын: «Топтастырып көр»** Шарты: балалар түрлі-түсті қарындаштардан бірдей түстерін жинайды және теңдей етіп бөледі. Дәптермен жұмыс: Карточкадағы тапсырмаларды орындау **4.Дене шынықтыру (таза ауада)**	дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дәптермен жұмыс. 1.Суреттерді ата. Е дыбысынан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. Сергіту сәті «Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз, Денсаулықты шынықтыр. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.Тәрбиеші жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға

	керектігі туралы ұғымдарды дамыту, **ҰІӘ барысы:** Д/о: «Жасап көр» Шарты: Дайын төртбұрышты қағазға бастырып, қиып алады. Қиылған төртбұрышты теңдей бүктеп, доғал сызық жасатып оны қияды. Шыққан пішінді атайды. Қалаған түстеріне бояйды. **Сергіту сәті.** 6 рет секір, 7 рет қол соқ, әрбір аяқпен 6 рет еденді топылдат, көршіңмен 7 рет қолдарыңды соғыңдар. Дәптермен жұмыс Қорытынды; мадақтау **4.Дене шынықтыру «Қыран құстай самғаймыз»** **Міндеттері:** қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығуларды үйрету.Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың	тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. **ҰІӘ барысы:** Тәрбиеші балаларға қағаз парағын ұсынады. Оны тең етіп бүктеу және бөлуді тапсырады. Бүтін мен бөлік түсінігін қалыптастырады. **Миға шабуыл** Дайын пішіндер қорапшасын пайдалана отырып робот құрастырып шығаруды тапсыру. Құрастырылған роботқа қандай және неше пішін қолдандың? **Д/о: «Не өзгерді?»** Тәрбиеші балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып	**3.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** Жаяу жүргінші ережелері. **Міндеттері:** адам өміріндегі жол ережесінің маңызын, оны сақтаудың қауіпсіздік үшін қажеттілігін түсіну; жол бойына қойылған белгілердің нені білдіретінін түсіне алу. 1. Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру. Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу. 2. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтау, жолда зейінді болу дағдыларын дамыту. 3. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу. Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге	**«Командалық жаттығулар» (таза ауада)** **Мақсаты:** Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу. Әртүрлі бастапқы қалыптан бір орында тұрып қолдардың қимылдарымен үйлестіріп секіруді, секіргенде бірқалыпты, аздап тізені бүге	жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. **3.Музыка-** музыка жетекшісінің жоспары бойынша» **4.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Асықпен ойналатын ойындар»** Міндеттері: Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып,тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын ойындарға деген қызығушылықтарын

	ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Қос аяқтап секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. **ҰІӘ барысы:** **І бөлім: :** Түзу бағытта жәй жүру, жүруді жүгірумен алмастырып, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың	тастайды. **Сергіту сәті.** Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. Қорытынды: сұрақ-жауап. Мадақтау **4. Музыка-** музыка жетекшісінің жоспары бойынша	тұрады. ҰІӘ барысы: *Ойын: «Үш түс – үш қозғалыс»* Тәрбиеші бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. *Қызыл* – қолын жоғары көтереді, *сары* – солға бұрылады, *жасыл* – қолдарын төмен түсіреді. Балалар тәрбиешінің қимыл-қозғалысына байланысты бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет. Тәрбиеші өлең оқиды: Бұзба көше тәртібін Ұрынарсың апатқа. Ұқыпты болсын әр күнің Жақын болма шатаққа! – Өлең не туралы? Сұрақ-жауап ойыны Белгілерді ажырат *«Жолдан өту» ойыны.* *Шарты:* Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына жасыл	орындауды бекіту. Команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы:** **І бөлім:** «Команда» тренингі. Барлығы қол ұстасып тұрады. Педагогтің нұсқауы бойынша қимылдар жасайды. «Кәне, барлығымыз шеңберге қол ұстасып тұрайық. Біз – бір командамыз. Бір команда –бір ағза, бір бүтін деп елестетейікші... Кәне, оның тынысын естиік: барлығымыз бірге демімізді ішке тартып, бірге сыртқа шығарайық... естідік пе? Енді оның жүрегін тыңдап көрелік...	арттыру. **ҰІӘ барысы:** **І бөлім:** Ойын-жаттығуы: «Затты тап». Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асық туралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді Шеңберге тұрғызу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, тәрбиешінің: «Асықты ал!» деген бұйрығымен асықты көтеріп алады. **ІІ бөлім: ЖДЖ** **«Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп,

	ұшына қарай басып жүгіру; сапқа бөліну. **II бөлім: ЖДЖ** Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Негізгі жаттығулар: Қос аяқпен секіру жаттығуларын орындату: орындықтан (биіктігі – 30 см) аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Жерге түскенде алдыға қарап, дене бітімдерін түзу ұстап, тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Орнынды тап!» (4 рет). «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады:		дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар «жолақ жолдан» өтеді. Тәрбиеші «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар тәрбиешінің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді. *Жұмбақ шешу.* Қырдан-қырға жалғасады, Барған сайын алға асады. Оңға да бұрады, Солға да бұрады. Жол тәртібін Реттеп тұрады. Көшеде жүр кішкентай үй, Сол үйді жүргізуші жүргізеді. – Бұл жұмбақтардың шешулері: жол, бағдарлаушы, мәшине. *Сергіту сәті:*	түк-түк!» (түк – бәрі бірге артқа бір қадам, түк – алдыға бір қадам аттайды) **II бөлім: «Қол ұстасып сауық құру»** Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңбер құрады. Тәрбиешінің белгісімен көрсеткен бағытта олар жүру, жүгіру қозғалыстарын бастайды. **Секірулер –** әртүрлі бастапқы қалыптан қол қимылдарын орындай отырып бір орында секіру (30 рет). Қалауынша бір бала ортаға шығып, қолдың түрлі қалыптарын көрсете алады (желкесіне қойып, беліне қойып, артына ұстап т.с.с.).	сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады. (Топ болып орындау тәсілі) **Тепе-теңдік** – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. **(3 рет)** Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Орындықтан түскен кезде алдымен аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанды жерге қояды. Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Көрпелерге отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады. Бұл тапсырманы әр бала жеке-жеке орындайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны:**

	малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады. Зал ішінде модульдерге соқтықпай еңбектеп жүреді. «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады. **ІІІ бөлім: тыныс алу жаттығулары**		Орнымыздан тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып-жұмамыз. Онан соң төмен түсіріп, Алақанды соғамыз. Иықты артқа ысырып, Басты төмен саламыз. Жаттығу жасап осылай Үлкен боп ертең шығамыз! Балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. *Д/о:Дұрыс белгілерді тап* Шарты: балаларға шартты белгілер мен әр түрлі ситуациялық суреттер беріледі. Дұрыс белгіні тауып қою керек. **Мүсіндеу** Тақырыбы: Қоян бауырсақты кездестірді. Міндеттері: ертегі әлеміне	Шеңбер бойына тұрып, бір орында секірулерді орындайды. Аяқтарын тізеден бүгіп, біркелкі, жеңіл секіруге тырысады. Жаттығу соңында қай баланың көрсеткен секіру түрі қиын, қызықты болғанын атап өтеді. Қимылды ойын : «Менің үйім» **ІІІ бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	**«Үшінші артық» (3 рет)** Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады. **ІІІ бөлім:** тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.

			қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндеуге және кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету;балаларды елестету арқылы таныс бейненің мүсінін жасау іскерліктерін жетілдіру;балаларды ң шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту;әсемдікті сезіне білуге,сүйіспеншілік ке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы Ертегілерәлеміне саяхат. Тәрбиеші сиқыршы кейпіне еніп, балаларды ертегілер әлеміне саяхат жасауға шақырды. –Ертегілер әлеміне жылдам жетуіміз үшін қандай көлік түрлерін		


			пайдалансақ болады? – Өздерің теледидардан көрген ертегілерде қандай ұшатын құрал түрлерін көрдіңдер? Олардың бірі – ұшқыш кілем, ол өз бөлмемізде де бар. Кәне, бәріміз осы кілемге жайғасып, көзімізді жұмып, «Ертегілер»әні әуенімен саяхатымызды бастаймыз. Үстел үстіне сиқырлы қорапша қойылады. Педагог балалардың назарын қорап ішіндегі затқа аударады.Балалардан бұл қай ертегі кейіпкерлері екенін сұрайды. –Біз осы ертегі кейіпкерлерін мүсіндейміз. Тапсырма: ертегі желісі бойынша қоянның бауырсақты кездестіргенін мүсіндейміз.		

			– Қоянның дене бөліктерін анықтайық (денесі, басы, төртаяғы, құйрығы, құлағы). Тәрбиеші өлшемдерге сай ермексаз бөліктерін дайындап, жасалу жолын түсіндіріп көрсетеді. 1.Ермексазды алақан арасына салып, сопақша пішінге келтіреміз. Бұл– денесі болады. Арқасын дөңестеу жасаймыз. 2. Кескіштің көмегімен денесінен аяқтарын шығарамыз. Қолымызды сулап, шымшып тегістейміз. 3. Бас бөлігін жасауүшін ермексазды алақан арасына салып домалақтап, созу арқылы тұмсығын келтіріп, денесіне біріктіреміз.Қоянның		

			құлағын, құйрығын педагогтің көмегімен жасап, жапсырады. Сергіту сәті. Ұзынқұлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. (Т. Бердияров) Бауырсақтың жасалу жолы. Бауырсақ бір ғана бөліктен тұрады. Сары түсті ермексазды алақан арасына салып, домалақ пішінге келтіреміз, сәл қысамыз. Енді бауырсақтың бет бейнесін келтіреміз (көздері, мұрны, аузы). Мадақтау		

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 19 Қардың қасиетін бақылау Мақсаты қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Еңбек: қарды күреу.	№ 9 Аула сыпырушы еңбегімен танысу Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбег, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынамкиіп қолғапт, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге	№ 11 Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Сұрақтар: 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? Көркем сөз: Кәне, кімнің бойы	№ 14 Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңкіліп жүреді. Көркем сөз: Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астың ораған ақ ьқармысың. Алай-түлей бораның, язында, Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?! Қимылды ойын: «Үшінші артық» Мақсаты:Шапшандыққа баулу.	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне

	Дыбыстық жаттығу. құ-құ-құ - еңбек сүйгіш құмырсқа лік-лік-лік – ұшып жүрген инелік кө-кө-кө – гүлге қонды көбелек қо-қо-қо- қоңыз ойын: «Жұмбақ сурет» Бір балаға жәндіктің суретін беріп, оны суреттетеді. Қалған балалар оның қай жәндік екенін табады. Балалар қызығушылықпен ойнайды. Қорытынды Бүгін біз нелер жайлы айттық? Оларды біз сөзбен қалай атаймыз? Білетін жәндіктерді атаңдар? Кері байланыс ұсыну.Балалардың жауаптары. Мадақтау. **Сауат ашу негіздері Міндеттері:** «Э э дыбысы » дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық Ээ	орындап, кейіннен тексеруді сұрайды. Нұсқау беру: -Балалар дүкеннен алған заттардың салмағын өлшеу үшін не керек екен? – Таразыны теңестіру үшін не істеу керек? Балалар сұхбатқа қатысады. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Сыртқы түрі бойынша заттың салмағын ажырату мүмкін емес деген қорытынды жасайды. Салмақ заттың қандай материалдан жасалғанына байланысты болады. Қарап, сұрақтарға жауап береді. Таразы түрлерімен таныстыру, таразының қызметі туралы түсіндіру. -Ендеше балалар жұптаса отырып дүкеннен зат сатып алыңдар. Дүкенші сендердің заттарыңды өлшеп береді.	Қайырлы таң. Қайырлы күн. Балалармен әңгімелесу. Балалар, қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінде неше ай бар? Үш айды атаңыз? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балалардың жауаптарын тыңдау. Ой қозғау Суретпен жұмыс. ойын: «Атын ата» Шарты: Суреттен жәндіктердің атын атау. Мына жәндіктер қалай аталады? (Көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз) Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? Балалар, мына жәндік қалай аталады? Балалар ара шаққан жағдайда не істейсіңдер және олар неге адамдарды шағады? Сергіту сәті Ермексазды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды соғайық, Бір отырып, бір тұрып	**Ойын:** «Қонақ күтеміз» **Математика негіздері Міндеттері:** «Қай жерде орналасқан?»Заттың қай жерде, қалай, өзіне немесе қай затқа жақын орналасқандығын ауызша жеткізе алады.. **ойын:** «Саған не жақын орналасқан?» **Ұйымдастыру кезеңі:** «Көршіңді құшақта» ойыны. Топтарға бөлу: Сандар арқылы. Нұсқау беру: -жұптасып ,әр бала өзінің алдында тұрған затты, жұптарыңа кезектесіп айтасыңдар. -әр топтан балалар кезектесіп,өзіне жақын тұрған ,немесе өзінің айналасындағы заттарды жұмбақтап жасырады,ал қалған балалар осы жұмбақтың шешуін табады. -өздеріңе жақын орналасқан заттың суретін сала қойыңдар. Нәтиже арқылы саралау. Тікелей бақылау. Кері байланыс ұсыну.	қажет; аяғын түсіріп, қолдарын аяқ арасына жіберіп, алға қарай еңкейеді, демін тез ішке тартып кері шығарады, яғни балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** 1.Еденге қойылған тақтай бойымен қос аяқпен секіру. 2.Доптарды себетке лақтыру **Қимылды ойын: Жасыл қияр» Мақсаты:** балалардың тіл байлығын дамыту, ұйымшылдыққа үйрету. **Рефлексия** Балаларды мадақтау. **Қазақ тілі Міндеттері:** Сурет арқылы болашақта елінің қандай азаматы болатыны

	дыбысымен оның әріп таңбасымен танысады, байланыстырып сөйледі. Ұйымдастыру кезеңі: Өткен дыбыстарды қайталауға арналған «қай дыбысты естіп тұрсың?» ойыны. ойын: «Э э дыбысы» Жаңа Э э дыбысымен таныстыру. Ерекшеліктерін атау. «Сөз ойла тез ойла» ойыны. Нұсқау беру: Балалар алдарыңдағы құмға Э әріпін жазамыз. Дәптермен жұмыс: Э әрпінің баспа түрін жазып, буындарды, сөздерді оқу. Кері байланыс беру: «кемпірқосақ» тәсілі арқылы. **Математика негіздері** **Міндеттері:** «Жыл айларын ата» Жыл айлары туралы түсініктері қалыптасып, олардың	Ал сендер әр заттың бағасын жазып ,барлығы қанша болатынын анықтаңдар. Жаппай бақылау. Қарқын, жылдамдық,уақыт арқылы саралау Сергіту сәті: Бір дегенім – көтеріліп, керілу. Екі деген – еңкею мен созылу. Үш дегенім – үш рет соғып алақан. Бас изейміз үш қайтара, балақан. Төрт дегенім – құшақ жая, қол керу, Бес дегенде – қоштасарда қол бұлғау. Алты деген – орнымызға отыру. Жеті-сегіз – жалқаулықтан арылу. Рефлексия Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Балалар орындаған жұмыс түрлерін естеріне түсіреді. Нені оңай және сәтті орындағанын, қандай қателіктер	Бір тынығып алайық. Балар қәне өзімізге осындай араны мүсіндеп алайық. Ой дамыту. Үлгі көрсету,түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмысы. Еркін ойын: «Менің қиялымдағы ара» Ендеше біз бүгін өз ойымыздағы араны мүсіндейміз. Жанама бақылау жасау, заттық кеңістік орта арқылы саралау. ойын: «Араның достары» Балалардың жұмысын бағалау. Қорытынды. Балаларды мадақтау		туралы әңгіме құрастыра алады. **ҰІӘ кезеңі:** **Ойын:«Кішкентай ханзада»** **Шарты:** Өз Отанына деген сезімдерін тәрбиелей отырып өздеріңді ханзадамын деп елестетіп көріңдерші.? Сендер немен шұғылданар едіңдер? (сахналау) **Ойын:«Болашаққа жоспарым»** **Шарты:** Сурет арқылы болашақта елінің қандай азаматы болатыны туралы әңгіме құрастырады. **Ойын: «Ғажайып сөздер»** **Шарты:** Мен Отанымды сүйемін деген сөздерді айтып Отан туралы сурет салады.(сурет салу)

	реттілігін біледі және атайды. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Жыл айларын ретімен ата» Шаттық шеңбері :1-ден 10 ға дейін тура ,кері санамақ айтқызу. -Балалар мен қазір көңілді әуен қоямын .Әуен ырғағымен билей жүріп, әуен тоқтаған кезде төртеу-төртеуден бөлініп құшақтаса қаламыз. Осылай төрт топқа бөлінеміз. Көктем,жаз,қыс, күз топтары болып. Топтарға бөлу: қалаған орталықтарына отырғызу. Нұсқау беру: -Балалар сендерге қай жыл мезгілі ұнайды? Жұптаса отырып әңгімелесіңдер. Ашық сұрақ қою: балалар ,үнемі көктем мезгілі болса не бол ар еді? Балалардың жауаптарын тыңдау.	жіберіп, неден қиналғанын талдайды. Кері байланыс беру: балаларға жұлдызша тарату. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Міндеттері:** «Мен Отанымды сүйемін» «Отан» құндылығы туралы түсініктері кеңейеді. Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберінде өлең жолдарын қайталап, қосылып айтады. Алғашқы тыныштық сәтін өткізу. Әңгімелеу. Дәйексөздің мағынасын түсіндіру. Ғажайып сөздерді жаттатып,қайталап айтқызу,мағынасын түсіндіру. Дәптермен жұмыс. Соңғы тыныштық сәтін өткізу. Қорытындылау. **Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**			**Сауат ашу негіздері:** **Міндеттері:** «Я я дыбысы және әріп элементтері» дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. **ойын:** «Я я дыбысы және әрпі» **Ұйымдастыру кезеңі:** Я дыбысына келетін сөздерді табады. Топтарға бөлу: дыбыстар арқылы. Нұсқау беру: балалар жұптаса отырып Я дыбысынан келетін сөздерге сөйлем құрай қойыңдаршы. Әр топ өздері ойлап тапқан сөздерді буынға бөле

	Жыл мезгілдерінің ауысып отыруы табиғаттың заңдылығы екенін түсіндіру. Әр жыл мезгілінің айларының ерекшеліктерін айтып түсіндіру. -Балалар мен қазір бір жыл мезгілінің атауын атаймын .Әр топ, сол жыл мезгіліне тиесілі айларды ретімен атай қойыңдар. Галерея әдісі: -балалар , топтың әр жеріне жыл мезгілдеріне,айларына байланысты суреттер ілінген . Әр топ өздеріне ұнаған жыл мезгілдері мен айларының суреттерін тауып әкеліп ,ерекшеліктерін еске түсіре отырып суреттерді ретімен орналастырамыз -Карусель әдісі бойынша айналып ,достарыңның реттілікпен қойған ай аттарының суреттерін				қойыңдаршы. Алдарыңдағы құмға Я әріпін жазамыз. Жаппай бақылау. Сергіту сәтін өткізу. Кері байланыс ұсыну: балалар қажеттілігіне қарай. **Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**

	тексеріп шығыңдар. Қосымша ресурс: «Тиісті сызықпен сәйкестендір» Жаппай бақылау. Қарқын жылдамдық,уақыт арқылы саралау. Кері байланыс беру: сұрақ жауап арқылы.				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Мақсаты:** Үлкендердің еңбегін бағалай алады,,көмектесе алады. **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** Мақсаты: Белгі бойынша «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтайды. Еңбек: Аулада	**№ 15** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Ауладағы ағаштарды қарап шығып, барлық ағаштардың бұтақтарында бүршіктің бар екендігіне және олар әр түрлі екендігіне назар аударады. Ағаштың бұтағымен діңдерін салыстыра алады. **Қимылды ойын: «Кім бірінші жүгіріп келеді»** **Мақсаты:** Балалар тез	**№ 16** **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау** **Мақсаты:** Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісініп, содан жапырақтар пайда болатынын түсінді. **Тәжірибе:** Құмырадағы	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Мақсаты:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын ажырата біліп, қимыл іс-әрекетіне назар аудара отырып, қимылдарын салыстыра алады. **Қимылды**	**№ 24** **Ұяны бақылау** **Мақсаты:** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштардағы құстар ұясының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрастыра алады. **Қимылды**

	үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын түсінеді.	және белгі бойынша жүгіре алады. **Еңбек: «Ағаштың жан-жағын қопсыту»** Берілген жеке тапсырмаларды орындайды.	бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады. **Қимылды ойын: «Лақтырып қағып ал»** **Мақсаты:** Ептілік, шапшаңдық қимылдары дамиды. **Еңбек:** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады.	**ойын: «Көптерді қуып жет»** **Мақсаты:** Жарыса отырып, ойынға деген қызығушылықтары артады. **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** Құстарды тамақтандырып және олардың қасында өзін-өзі ұстай біледі.	**ойын: «Кім шақырды?»** **Мақсаты:** Белгі арқылы шеңберге тұра алады. **Еңбек: Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу** Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Арнайы жолдармен , Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Денсаулығы мықты жан. «Денсаулығым керемек,жаттығуға рахмет!»	Енді кәне бәріміз, Жаттығуды жасайық.	Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Денсаулық ол – шыныққан Барлық дене мүшесі. Денсаулық ол-тыныққан Жүйке тамыр жүйесі
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті	Топта бар мамандық иелерінің киімдерін кигізіп, рөлдерге еніп	Өлеңдерді оқып беру **Ұшқыш** Кең аспанды шарлаған,	**«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама** Қызғалдақ Схеманы	Орталықтарға бөлініп өздері таңдаған мамандық иелерінің суретін салу,	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп,

ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)** Әр түрлі мамандардың құралдарын ермексаздан мүсіндету. Кітаптардағы суреттерге қарап сурет салдырту. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Ұшқыш деген мен болам. Қыран құстай самғаған, Ерен жүйрік мен болам **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Топта бар мамандық иелерінің киімдерін киеп, рөлдерге еніп ойнауына жағдай жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)**	пайдаланып қолөнерлерін жасау дағдыларын қалыптастыру. Түсіндірме сөйлеуді дамыту. Шыдамдылық пен табандылыққа тәрбиелеу.	мүсінін жасату, қағаздан қиып композиция жасату. **(шығармашылық іс-әрекет)** Кітаптардан әр түрлі жұмыс құралдарын қарап олармен не істейтіні туралы әңгімелесу. **(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)**	ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс	Амангелді Жангирге Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға дағдысын қалыптастыру. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.	Рустамқызы Көзайыммен жеке жұмыс.Берілген сөздерден жай сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру.	Айбекқызы Айданаға апта, айларды атай алу дағдысын үйрету.	Жуламанов Ерсайынға 10 ға дейінгі сандарды кері санау дағдысын, апта күндерін реттілікпен атау дағдыларын қалыптастыру	Гаухартасқа Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін (1-2) салып үйренуді жалғастыру Сюжеттік мүсіндеу дағдысын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
II Серуен	**№ 14**	**№ 15** .	**№ 16**	**№ 21**	**№ 24**
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				

Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларынескерту.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту	Балалардың сұранып үйге қайтуы	Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Топ «Балбөбек» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 сәуір 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 22.04.2024**	**Сейсенбі 23.04.2024**	**Сәрсенбі 24.04.2024**	**Бейсенбі 25.04.2024**	**Жұма 26.04.2024**
Балаларды қабылдау	**«Жыл мезгілдері»** **Мақсаты:** Балалар жыл мезгідері туралы айта алады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**«Жол әліппесі»** **Мақсаты**: балалар алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен танысады, жолда жүру ережесін түсінеді. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Кімге не керек»** **Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта алады. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Жұбын тап» ойыны:** Мақсаты: Ұйымшылдықпен, шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Не артық?»** **Мақсаты:** Балалар суретте тұрған артық затты тауып, сипаттама бере алады. **(сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Көліктер және оның түрлері»** **Мақсаты:** Көліктердің жерде,ауада,суда жүретіні туралы түсініктері кеңейеді. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Үй жануарлары»** **Мақсаты:** Балалар үй жануарлары мен төлдерді Ажыратып,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атай алады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**«Табиғат құбылыстарын ата»** **Мақсаты:** Суреттен қысқы табиғат құбылыстарын, қар мен жаңбырды ажыратып өз ойын айта алады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**«Теңдік және теңсіздік»** Шарты: балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету. **(математика негіздері)**	**Жаңылтпаш жаттау** Шеше, шеше Неше кесе Сынды кеше **«Үй жасаймыз»** Қиынды суреттермен жұмыс **Мақсаты:** Логикалық ойлауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №13 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Сұрақ-жауап: «Дұрыс тамақтануға баулу» Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас				

	іс –әрекет дағдысы Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін,құлағымм ен тыңдаймын»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз **(қазақ тілі)**	**Сергіту жаттығуы.** Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. **(дербес қимыл белсенділігі)**	**Жаңылтпаш жаттау.** Ләйлік лайға лайланды, Лайланған ләйлік, лайда отырып жайланды. (Сыбырлап, орта дауыспен, қатты дауыспен айтып,жаттықтыру) Міндеті: «Л» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**	Дыбыстық жаттығуларды орындау. -қ-қ-қ-қоян -кі-кі-кі – түлкі -а-а-а- аю -ыр-ыр-ыр – қасқыр. **(қазақ тілі)**	**Отбасы туралы мақал – мәтелдер айту:** 1. Отан - отбасынан басталады. 2. Отбасы – шағын мемлекет. 3. Ата – бәйтерек. 4. Балалы үй – базар. **(сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Волейбол алаңқайындағы жаттығу»** **Міндеттері:** Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту. Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Бір уыс мақта **Міндеттері:** Әңгімені эмоциямен бейнелі мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрап айтуға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және еңбек дағдыларын дамыту. **ҰІӘ кезеңі:** ***Шаттық шеңбері*** Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де. **Негізгі кезең** Жұмбақ жасырады. – «Өзі аппақ қардай,	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**Ертегіде қонақта **Міндеттері:** Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру біліктерін дамытуды жалғастыру, ертегіге қызығушылығын арттыру. **ҰІӘ кезеңі:** **Шаттық шеңбері:** «Жылы сөздер» Шарты: балалар шеңбер болып тұрады, кезекпен-	**Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Футбол ойнаймыз»** **Міндеттері:** Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыл әрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру. Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу.Допты жұпта бір-біріне лақтырып, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Менің достарымның ойыны»** **Міндеттері:** Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу. Ұшып келе жатқан доптан түрлі тактикалар қолданып қашуды бекіту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. **ҰІӘ кезеңі:** Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. «Қол ұстасып достарым, Бір шеңбер боп тұр екен. Оңға бірге жүреміз,

	дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ кезеңі:** Сезімдік жаттығу: «Сануды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді. 4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдас құрып отыра қалады. **Негізгі кезең** **I.** Жүру, секектеу, бір орында көзін жұмып, айналып тұрып секектеу. 2 минут бағытты өзгерте отырып, орташа жылдамдықпен жүгіру. **II. «**У-шу» жаттығулар кешенімен тыныс алуды қалыпқа келтіру. **«Секіргіштікті жаттықтыру»** 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады. Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады. **III. Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын: «Еріккендер».** Ойыншылар қолдарынан ұстанып,	жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)* – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. – Бүгін біз мақта туралы ЫБырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. **Сұрақ-жауап:** - Әңгіме қалай аталады? - Кішкентай қыз не істеп отырды? - Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды? - Оны не алып кетті? - Анасы оған не деді? **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық, Торғай болып ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. - Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық. *Күн өтпей жатып, шапан* сөздерінің мағынасын қайталау. 3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету. **Дәптермен жұмыс:** - Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. - Анасы мен қызы не істеп отыр? - Анасы мен қызы терезеден нені көрді? - Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың? - Сен қыздың орнында	кезек бір-бірінің қолын ұстау арқылы жылы сөздер айтады. Мысалы: Әйгерім, сен сондай ақылды қызсың! **Негізгі кезең** **Ғажайып сәт**: Ортаға ғажайып текшені алып келу. – Балалар, бұл не? (Текше) – Балалар, анықтап қарасақ, текшенің бетінде әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар. **Дидактикалық ойын:** «Ғажайып текше!» **Шарты**: Шеңбер болып тұрамыз, ортаға текше тасталынады. Текшеде қандай кейіпкер суреті түссе, сол ертегі жайында айтып береміз. Мысалы: текшеден ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан суреті кездесті делік. Бұл ертегінің аты қалай? – Бұл «Шалқан» ертегісі. (Ертегі мазмұнын әңгімелейді). – Содан соң атай не істепті? Келесі баладан жалғасын сұрайды. *Дәптермен жұмыс*: дәптердегі « Ертегі кейіпкерлерінің кезекпен тұру ретін сызық арқылы қос» тапсырмасын орындау. – Балалар, ертегіде атайға барлығы көмектесіпті. Ал сендер үйде үлкендерге көмек бересіңдер ме? **Қорытынды** Ертегі мазмұнын кез келген	ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру. **ҰІӘ кезеңі:** «Футбол» презентациясы, ойын ережелері мен қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді. Футболшыларға қажетті адам қасиеті туралы, әйгілі ойыншылар, командадағы қорғаушы, голкипер, қақпашы, шабуылшылардың міндеті жайлы ой қозғайды. **Негізгі кезең** Тренер рөлінде команда береді – алдымен бір-бірден қатарға тұрғызып, бір-екіге саналту. Сосын екі-екіден қайта сап құру. Педагогтің командасымен сапқа тұру жаттығуларын орындайды. Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру». Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. **«Қорғаушылар»** (6 рет). **Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру.** Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала	Сосын солға жүреміз. Ортасына жиналып, Айналып бірге күлеміз! Қырсық бала болмаймыз! Шаттанып бірге ойнаймыз!» **Негізгі кезең** Табанына арналғын түзету жаттығуларын орындау: аяқ басымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі қырымен, сыртқы қырымен жүру. Қысқа, алшақ аттап жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. **Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары.** Бұл жаттығулар статикалық күйзелістен айырылуға, көз бұлшық еттеріндегі қан айналымының жақсаруына, көлденең жазықтықтағы қимыл әрекеттерін бағдарлау-басқаруының жақсаруына, вестибуляр аппаратының реакцияларын жалғастыру. **«Арқаннан секіру»** (6 рет). Арқанды біресе тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырып айналдыру. Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағанына көнбей, секіріп немесе қашып үлгеруге тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім шапшаң?» (3 рет). Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі. Ойынға қатысады.

	шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады. **3. Қорытынды кезең (рефлексия).** «Бүгін менің үйренгенім...». Сөйлемді аяқтап, әңгімелеу ұсынылады. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Күшік неге көңілсіз? (Сурет бойынша шығармашылық әңгімелеу) **Міндеттері:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға, *күшік* сөзіне қандай анықтауышты үйлестіруге болатынын көрсету. Тілдік қорын, ересектермен қарым-қатынасты дамыту. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу. **ҰІӘ кезеңі:** Жұмбақ жасыру: Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) – Балалар, ит қандай жануар түріне жатады? – Иттің баласын не деп	болсаң, не істер едің? **3. Қорытынды.** Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Сабақта сендерге не ұнады? Немен ұнады? Балаларды мадаақтау. **Математика негіздері:** **Тақырыбы:** Кім қайда тұр? **Міндеттері:** жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада ұғымдарымен таныстыру. Қоршаған ортада бағдарлануға (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада); белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету. **ҰІӘ кезеңі:** «Қарама-қарсы бағдарды ата» ойынын ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады. **Негізгі кезең.** «Не өзгерді?» ойыны. Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне	жерінен жалғастырып кетуге дайын отыруға ұсыныс білдіре отырып, ұйымшылдыққа, достыққа, бірлікке бағыттау. **Сауат ашу негіздері:** **Тақырыбы: Ж дыбысы мен әрпі** **Міндеттері:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару **ҰІӘ кезеңі:** Өсті ақыл, ойларың, Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. Жақсы сөздер айтамыз, Үлкендерді сыйлаймыз. Ж дыбысы жайлы бөлігін көрсетеді. – Фильм әріптер мен дыбыстар туралы. – Дұрыс. Біз енді ұйымдастырылған оқу қызметінде Ж дыбысымен танысамыз. **1-тапсырма.** Суреттерге назар сала отырып,	біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады. **Ойын жаттығулары** «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап қалу. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді. **Қорытынды:** Эмоционалдық ахуал тудыру жаттығуы: «Қошемет». Жұпта балалар бір-біріне қошемет көрсетіп, жылы сөздер айтады. **Көркем әдебиет:** **Тақырыбы: «**Әже» **Міндеттері:** Өлең мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өленді дауыс ырғағымен	Төрт жүргізушінің соңынан тұрады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады. Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады. **Қазақ тілі** ***Тақырыбы:*** *«Көліктер»* **Міндеттері:** Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. **ҰІӘ кезеңі:** Жылулық шеңбер -Сәлем, саған алтын күн! -Сәлем, саған көк аспан! -Сәлем, саған жер ана! -Сәлем, саған достарым! -Сәлеметсіздер ме, қонақтар. Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз. - Көлік дегеніміз не? - Ол адамға неге қажет? - Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер? - Ал енді, мен жұмбақ жасырамын. ***Жұмбақтар*** 1. Тізбектелген көп үйлер, Көшіп жүрген көк үйлер.

	атаймыз? (Күшік) ***Демонстрациялық құрал*** (Көңілсіз күшіктің сурет) – Балалар, суреттегі күшік туралы әңгімелейік. – Күшіктің көңіл күйі қандай? (Күшік кішкентай, сүйкімді, бірақ оның көңілсіз екенін суретке қарап жеткізеді). – Ол неліктен көңілсіз, жабырқаулы деп ойлайсыңдар? **Сергіту сәті.** Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. **3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Педагог күшігіміздің көңілі көтерілмегенін, енді үйге барған соң ғаламтор (интернет) , телефон арқылы хабарласып күшік туралы мағлұматтар жіберіп, оның иесін табуға көмектесуге кеңес береді. Мадақтау. **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Ң дыбысы мен әрпі** **Міндеттері:**	қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр. 1-тапсырманың суретін қарауды ұсынады. – Бөлменің ортасында кім орналасқан? – Қызыл түсті қарындашпен айналдыра сызыңдар. – Жасыл түспен айналдыра сызыңдар. – Сол жақтағы жақын бұрыштағыны көк түспен қоршап сызыңдар. – Жасыл жемпір киген бала осы балаларға қатысты қай жерде орналасқанын айтыңдар. Қорытындылау балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:**Көлік түрлері. Жолда жүру ережесін сақтайық **Міндеттері:** - жол бөліктері, бағдаршам белгілерімен таныстыру. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерінің қолданысы (әуе,	педагогтің оқыған жұмбақтарын балалар шешеді. Жұмбақтардың шешулері: жұлдыз, көжек, жапырақ. Жұмбақтың шешуі болған сөздерді дауыстап айтқызып, осы сөздерде кездесетін **Ж** дыбысын бірнеше рет қайталатады. Ж – ұяң дауыссыз дыбыс. «Ж» созылып, әндетіліп айтылмайды, ауыз қуысында кедергіге ұшырайды. **2-тапсырма.** Суреттен **Ж** дыбысы бар сөздері іздеп табады. – Кемпірқосақтың түсі нешеу? (Балалар кемпірқосақтың түсінің санын айтады). Түстерін атай отырып, **Ж** дыбысы естілетін түсті табады (*жасыл*). **Ж** дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту. Балалар әр баланың айтқан сөзін буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды. Мысалы: *жаң-ғақ. Ж дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс.* *Көк белгімен белгіленеді.* Жазу жолдарына Ж әрпінің баспа түрін жазады. Алдымен ауада жазып көрсетеді.	мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенді сыйлай білуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу. **ҰІӘ кезеңі:** – Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. ***Сұрақ-жауап:*** - Әже қандай адам***?*** - Өлең кімге арналған? - Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. **Дәптермен жұмыс:** - Суретте не бейнеленген? Сурет саған ұнады ма? - Суреттен кімдерді көріп тұрсың?	2. Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте Әңгіме: **«Көліктер».** Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт түрлері бар. Олар: 1. Әуеде ұшатын көліктер: 2. Суда жүзетін көліктер: 3. Жерде жүретін көліктер: 4. Темір жол көліктер: ***«Бағдаршам» ойыны*** Көшедегі қимыл- қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? - Бағдаршам туралы кім тақпақ біледі? - Жолда жүру тәртібі не үшін қажет ? - Ал, машина туралы тақпақты кім айтады? Ойын шарты: Бір бала - «Бағдаршам» болып тұрады. Ол қызыл түсті көтергенде, балалар бір адым артқа, сары түсі көтергенде орындарында тапжылмай тұрады. Жасыл түсі көтергенде, бір адым алға жылжиды. **«Көлік құрастыру».** Қиылған дайын көлік суреттерін үлгіге қарап, құрастырады. **Сауат ашу негіздері:** **Тақырыбы: Ё дыбысы мен әрпі**

	Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. **ҰІӘ кезеңі:** *Біз әдепті баламыз,* *Айтқан тілді аламыз.* *Үлкенге де – «сіз»,* *Кішіге де – «сіз», – деп,* *Бас иеміз біз!* Балалар ортаға тұрып өлең жолдарын қимылмен қайталайды. **Әліппе-дәптермен жұмыс** **1-тапсырма** Суретте не болып жатыр деп ойлайсыңдар? *Қоңыз, қаңбақ, шұңқыр* сөздерін қайталайды. Ң дыбысы естілетін буындарды айтады. Қо-**ңыз**, **қаң**-бақ, **шұң**-қыр. Дыбыстық белгілермен жазылған **қаңбақ** және **қоңыз** сөздерін тауып	су, жерде жүретін көліктер), жүктің сипаты және қолданылуы мәшинеңің құрылысына тәуелділігі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. - жолда жүру ережелері, бағдаршам түсінің, «Жаяу жүргінші өткелі» жол белгісі белгілеріне қарай өту дағдыларын дамыту. **ҰІӘ кезеңі:** **«Кім қандай көлікпен келді?»** ойыны. Ойын шарты: педагог балаларды шеңбер бойына тұрғызып, допты лақтырып, балабақшаға қандай көлікпен келгендігін сұрайды. Балалардан көлік түрлері: автобус, ұшақ, кеме, пойыз туралы сұрай отырып, көлік жүргізетін адамдар туралы әңгіме жүргізеді. **Негізгі бөлім** Педагог көліктердің қоғамдық, жеке және жүк көліктері болып бөлінетіндігін айтады. Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады? (Жүргізуші) Жүргізуші ең бастысы нені білу керек? **1 ойын: «Дауысынан таны».** Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі,	**Қоршаған ортамен таныстыру:** **Тақырыбы:** «Жыл құстары» **Міндеттері:** Жыл құстары мен қыстайтын құстар туралы білімдерін бекіту, оларды ажырата және атын атай біледі. **Ойын:** «Жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың айырмашылығы» Шарты:Өз өлкеңде тіршілік ететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың айырмашылығын, ерекшелігін айтқызу. **Ойын:** «Ұшты -ұшты» Шарты:Шапшандық,жылдамдық таныта біледі. Еркін ойын: құстарды ермексаздан мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Сылдырмақ». **Міндеттері:** Қалдық заттарды пайдаланып музыкалық аспапты жасай білуге үйрету, дыбысты есте сақтау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту. **ҰІӘ кезеңі:** **Ғажайып сәт.**	- Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр? - Сен әжеңе қалай көмектесер едің? ***Есіңе сақта:*** «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Ақ лақ пен қара лақ» ертегіс** **Міндеті:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға,әңгімелесушінің сөзін бөлмей,кезекпен сөйлеуге Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **«Ақ лақ пен қара лақ» ертегісін** балаларға оқып беру, ертегі қойылымына қызығушылығын арттыру. **«Бөрте лақ»** Шөре-шөре, лағым, Тентек болма, шырағым. Секектеме демінді ал Селтеңдемей құлағың. Марқа туған бөрте лақ Әңгімеме сал құлқк. Ойнай көрме тым ұзап:	**Міндеттері:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын сөздерді қолдану. **ҰІӘ кезеңі:** Қайырлы таң, балалар! Арайлап таң атты. Алтын сәуле таратты, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң, достарым! Педагог сырт киімін тазалап тұрған баланың суретін көрсетеді. Суреттте бала сырт киімін немен тазалап тұр? Балалар **щетка** сөзін дұрыс айтуға жаттығады. Педагог балаларға бүгінгі оқу қызметінде Ё дыбысымен таныс болатынын ескертеді. Балалар Ё дыбысын айтып жаттығады. **1-тапсырма** Өлеңдегі оқиғаны балалар сурет бойынша аяқтайды. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді. Аяқ щеткам орнында, Киім щеткам қолымда. Тіс щеткамды іздесем,

	көрсетеді. 2-тапсырма. Педагог тақтадағы Ң дыбысының бейнесімен таныстырады. Н әрпінің бейнесімен салыстырып көрсетеді. 3-тапсырма Әдемі моншақтардан шаңғының өзінен және таяғынан Ң әрпін жасауды көрсетеді. Балалар Ң әрпінің бейнесіне қарап өздері жасайды. Ң әрпі кездесетін сөз ойлап айтады. Ң әрпінің баспа түрін алдымен ауада жазады. Кері байланыс беру: «кемпірқосақ» тәсілі арқылы. **Математика негіздері** **Міндетері:** бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігін, үлкен және кіші бөліктерді анықтай алады. **ҰІӘ кезеңі:** **Ойын:** «Үлкен және кіші бөлік». **Шарты**:үлкен және кіші бөліктерді ажыратады. **Нұсқау беру:** балалар алдарыңдағы суреттегі заттардың санын	ұшақтың, кеменің т.б) дыбыстары естіледі. **2 ойын «Сипатта»** Көп суреттердің ішінен өзіне ұнаған көлік түрі туралы алып, сипаттап айтып беру тапсырылады. *Сергіту сәті.* Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. ***Жұмыс дәптерімен жұмыс.*** Балалармен жүк мәшинесі, жедел жәрдем мәшинесі, өрт сөндіру мәшинесі, жол бөліктері, бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері, жаяу жүргінші өткелі сөздері мен сөз тіркестері бойынша сөздік жұмысын жүргізу. Қорытындылау. **Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	– Балалар, мен сендерге мен сиқырлы қорапша алып келдім. Тыңдаңдаршы, өзі сылдырлайды екен. Ішінде не бар екен?Қорапшаның ішіндегі сылдырмақтарды бір - бірден алып балаларға көрсету. - Бұл не, балалар? - Бұл сылдырмақтың сыры неде? **Негізгі кезең.** Сылдырмақ жасамас бұрын алдымен «Саусақ жаттығуларын» жасап алайық деп балалармен бірге айта отырып жаттығуды жасатады. Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де, Екі саусақ бірікті, Қолға ине ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Біз сылдырмақ жасасақ. **Сергіту сәті.** Кәне, кәне, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге, Алақанды ұрайық. Оң жақтағы балаға.(бір-біріне екі бала алақан түйістіреді) Сол жақтағы балаға. Шапалақта, шапалақ Шапалақта, шапалақ. (Ф.Ниязбекқызы)	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Қағаз бетінде бағдарлау. **Міндеттері:** қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, дәптер бетінде белгілі бір суретті табуға үйрету. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. **Ойын жағдаяты.** Терме полотнода мазмұндық суреттер. Жиектерінде – екі ертегі кейіпкері. Педагог кейіпкерлердің сұхбатын естігені туралы айтады. Кейіпкердің бірі суреттер оң жақта десе, екіншісі сол жақта деп дауласты. Олардың дауын шеше аламыз ба? Балалар ойын жағдаятына араласып, суреттерді қарап, педагогті тыңдайды. Көмектесуге ниет білдіреді. **Негізгі кезең.** Педагогқандай да бір заттың суретін тауып, мынадай сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – оның оң жағында не орналасқан? – оның астында ненің суреті бейнеленген? – берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с. Тапсырманы өзгертуге болады, педагог:	Қарындасым алыпты, Көк бояуға малыпты. **2-тапсырма** *Педагог монтер, шахтер* және *щетка* сөздерін дұрыс айтуға жаттықтырады. Сөздерді балалар буынға бөледі. Сөздерден **Ё** дыбысы естілген буындарды табады Педагог тақтадағы **Ё** әрпінің бейнесіне қарап балаларға ауада жазу жолын көрсетеді. Балалар қайталайды. Жазу жолына баспа түрін жазады. Кері байланыс ұсыну: Балалар өз білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. **Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**

	салыстырып көрейік. 5=5.6 үлкен 8-ден,т.б. -Алдарыңдағы пішіндерді екіге,одан соң үшке,одан соң төртке бөле қойыңдар қырқу арқылы. -Енді осы бөліктерді салыстырамыз, екіге бөлінген дөңгелектің бөлігі үлкен бе,үшке бөлінген дөңгелектің бөлігі үлкен бе? Топ болып үлкен және кіші бөліктерді анықтаймыз. **Ойын:** «Ажырата білеміз» **Шарты:** Бөліктерді көлеміне қара бөледі. Кері байланыс беру: сұрақ жауап арқылы.		Барлық балалардың аспаптарының дайын болуын және қандай дыбыс шығаратынын өздеріне таңдату қажет. Балалар өздеріне берілген бөтелкелерге түймелерді немесе дәндерді салып, бөтелкенің қақпағын жауып, оның дыбысын шығарып ойнап көреді. 3. Рефлексия. Барлық аспаптарды балалардың қолдарына беріп, өздері кезекпен немесе шағын топтармен бірлесіп ойнап, қарапайым	– оң жақтағы жоғарғы бұрышта; – парақтың төменгі жиегінің бойында; – парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды. Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды. Талқылап, сұрақтарға жауап береді.	
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.				
Серуен	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Мақсаты:** Үлкендердің еңбегін бағалай алады,,көмектесе алады. **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** Мақсаты: Белгі бойынша «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтайды. Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.	**№ 15** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Ауладағы ағаштарды қарап шығып, барлық ағаштардың бұтақтарында бүршіктің бар екендігіне және олар әр түрлі екендігіне назар аударады. Ағаштың бұтағымен діңдерін салыстыра алады. **Қимылды ойын: «Кім бірінші жүгіріп келеді»** **Мақсаты:** Балалар тез және белгі бойынша жүгіре алады.	**№ 16** **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау** **Мақсаты:** Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісініп, содан жапырақтар пайда болатынын түсінді. **Тәжірибе:** Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Мақсаты:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын ажырата біліп, қимыл іс-әрекетіне назар аудара отырып, қимылдарын салыстыра алады. **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Мақсаты:** Жарыса отырып,	**№ 24** **Ұяны бақылау** **Мақсаты:** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштардағы құстар ұясының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрастыра алады. **Қимылды ойын: «Кім шақырды?»** **Мақсаты:** Белгі арқылы шеңберге тұра алады.

	Еңбектің маңыздылығын түсінеді.	**Еңбек: «Ағаштың жан-жағын қопсыту»** Берілген жеке тапсырмаларды орындайды.	жарады. **Қимылды ойын: «Лақтырып қағып ал»** **Мақсаты:** Ептілік, шапшаңдық қимылдары дамиды. **Еңбек:** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады.	ойынға деген қызығушылықтары артады. **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** Құстарды тамақтандырып және олардың қасында өзін-өзі ұстай біледі.	**Еңбек: Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу** Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. «Көшедегі үйлер» **Мақсаты:** Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. **(жапсыру)** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. **Бата беру** Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесең, Тілегің қабыл болсын!				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі «Әлди –әлди ұйықтайғой»				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 1 «Құстар оянады» Аяқты сәл ашық қою.Қолдарды жан-жаққа созу,былғау- «құстар қанат қағып жатыр».	№ 1 Әдемі ирек жолдармен, Қоянша біз жүреміз. Секіреміз,билейміз. Аюға ұқсап қорбаңдап, Қорбаң-қорбаң жүреміз.	№ 1 Араға ұқсап ызылдап, Гүлдерге біз қонамыз. Гүлдің иісін аламыз. Таза ауаны жұтамыз.	№ 1 Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі. Массаж жасау білеміз.	№ 1 «Құстар көңілденіп жатыр» Жүріспен кезектесіп,бір орында секіру.
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Сол жақта – оң жақта»** **Мақсаты:** Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **(математика негіздері)**	«Аңдар жүрісі» **Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама** Тақырыбы: Батпырауық **Мақсаты:** Балаларға «Батпырауық» негізгі пішіні туралы білімдерін нығайтып, бұрыштарын бүктеу сызығына қарай бүгуді үйрету. Зейінді, табандылықты дамыту. Қолөнерді аппликациямен безендіру.	**«Қолғап»** **Мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(сурет салу)**	**Суреттік боямалар** **«Кім, қайда өмір сүреді»** **Мақсаты:** Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **(сурет салу)** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті
Балалармен жеке жұмыс	**Айбекқызы Айдана жеке жұмыс**	**Кенжегулова Аянат жеке жұмыс**	**Есетов Айат жеке жұмыс** Жыл мезгілдері бойынша	**Мажит Аянат жеке жұмыс** Жаңа түстерді бояуларды	**Талап Мәрмәр жеке жұмыс**

	Сөздерге жай сөйлем құрастыруға үйрету. Әңгімелесушіге сұрақ қоя алу дағдысын қалыптастыру **(Коммуникативтік дағды)**	Әдеби жанрларды ажыратуға, қазақ тіліне тән ғ,ң, ұ, һ дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуға дағдыландыру. **(Коммуникативтік дағды)**	айларды реттілікпен атауға үйрету **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	араластыру арқылы шығару дағдысын, мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану дағдысын қалыптастыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	Туыстық байланыстарды, үлкендерді сыйлауды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. Балалармен жеке әңгімелесу.				
Серуен	**№ 14**	**№ 15**	**№ 16**	**№ 21**	**№ 24**
Балалардың үйге қайтуы	**Ата-аналарға кеңес:** «Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?».	**Психологтың кеңесі:** «Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз»	**Ата-анаға:** «Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?	**Кеңес:** «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?».	**Ата-анаға:** «Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба?

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Топ «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы 5жас
Жоспардың құрылу кезеңі 29-04мамыр 2024 жыл

Күн тәртібі	**Апта күндері**					
	Дүйсенбі	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**	**Сәрсенбі 8.05.24**
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту).		Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Мамыр айында болатын іс шаралар туралы ақпарат беру.		Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау	қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу	Әке мен бала туралы әңгімелесу

